



25 маусым, сенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

3 Қыс қамына
ерте кірісті



5 Болжайды ақын ғана
келер күнін



6 Кеңістікті кеңейткен
көптомдық



8 Үрләй апаның
әңгімелері



● ПРЕЗИДЕНТ



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ НЫҒАЙТУҒА ӘЗІР

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ЕҚЫҰ Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюро директоры Матео Мекаччиді қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Матео Мекаччиге ілтипат білдіре отырып, оның бұл сапары Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымымен арадағы қарым-қатынасты нығайту тұрғысынан маңызды екенін атап өтті.

Кездесуде Қазақстан мен ЕҚЫҰ Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюро арасындағы демократияны дамыту, адам құқықтары мен заң үстемдігін қамтамасыз ету саласындағы ынтымақтастықтың жағдайы мен оны дамыту перспективалары талқыланды.

Президент Қазақстан Республикасындағы адам құқықтары жөніндегі уәкіл мен Бюро арасында қол қойылған өзара түсіністік жөніндегі Меморандумды қолдады. Оның айтуынша, бұл құжат еліміздің Бюромен тығыз серіктестікті дамытуға дайын екенін және ЕҚЫҰ құндылықтарына бейілділігін растайды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Бюро директорына Жана Қазақстанды құруға бағытталған ауқымды реформалардың негізгі мақсаттары мен міндеттері жөнінде айтты.

Матео Мекаччи ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясы аясында Қасым-Жомарт Тоқаевпен қызметтес болған кезенді және бұдан бұрын Қазақстанға келген сапарларын ықыласпен еске алды.

Бюро директоры Қазақстанмен арадағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға әзір екенін атап өтіп, елімізбен өзара белсенді іс-қимылдың даму бәрісіне көңіл толатынын айтты.

Сондай-ақ ол Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен жүзеге асырылып жатқан ауқымды реформаларды қолдауын және Қазақстан Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының маңызды серіктесі екенін атап өтті.

ЧЕМПИОНДЫ ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ФИДЕ-нің ең жас чемпионы атанған Малика Зиядинді құттықтады.

— Жеті жасқа дейінгі бұлдіршіндер арасында өткен сайыста жоғары деңгейде өнер көрсетіп, екі бірдей атақты иеленуің — Қазақстанның шахмат тарихында бұрын-соңды болмаған жетістік. Сен тума таланттың мен жеңіске деген ерік-жігеріңнің арқасында осындай биік белесті бағындырдың. Өзің ізін басып келе жатқан қазақстандық шахмат шеберлерінің данқты жолын лайықты жалғастыратынына кәміл сенемін, — деп жазылған Президенттің құттықтау хатында.

Мемлекет басшысы Малика Зиядиннің әрдайым жеңіс тұғырынан көрінуіне тілектестік білдірді.

Құрметті оқырман

2022 жылдың екінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты газеттерге жазылу аяқталуға жақын.

Қапы қалмаңыз!

«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы: жекелер үшін: 6 айға — 3500 теңге. Мекемелер үшін: 6 айға — 4500 теңге.

● САПАР

ЕҢБЕКТІ ЕЛ БІРЛІГІ ШИРАТАДЫ

ОБЛЫС ӘКІМІ ЖҰМЫС САПАРЫМЕН ҚАЗАЛЫ, ҚАРМАҚШЫ АУДАНДАРЫНДА БОЛДЫ

Аралдан соң облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың жұмыс сапары Қазалы және Қармақшы ауданында жалғасты. Облыс басшысы қос ауданның халқымен жүздесіп, өмірлер үшін аса өзекті мәселелерге тоқталды. Сондай-ақ екі өңірдегі атқарылып жатқан жұмыстарды көріп, бірқатар әлеуметтік нысандардың ашылуына да қатысты.

Сб Ержан ҚОЖАСОВ, «Сыр бойы»

Алдымен аймақ басшысы аудан орталығы — Әйтеке би кентінде жанадан салынған емхананың ашылу салтанатында болды. 250 келушіге арналған медициналық ғимараттың құрылысын жүргізген «SCS Инжиниринг» ЖШС. Жобаның құны 2 млрд 700 млн теңгеден асады. Үш қабатты ғимаратпен қоса жылу қазандығы, демалыс алаңы, қоқыс төгетін орын, келушілерге арналған алаң қарастырылған. Емхана ішінде қабылдау, педиатрия, жұқпалы аурулар, рентгендік-диагностикалық, ортопедиялық-бронхоскопиялық бөлімі, УЗИ кабинеті, зертхана, стоматология және хирургия бөлімі, 20 төсектік күндізгі стационар, кіші операциялық зал бар. Гинекологиялық пен процедуралық бөлім, экзистенциялық конференц-зал және дәріхана жұмыс істейді. Мұнда білікті дәрігерлер мен тәжірибелі мейірбикелер қызмет көрсететін болады. Облыс басшысы жана емхананың ашылуына орай сөз сөйлеп, барша қазалылықтарды құттықтады.

— Бүгін сіздермен көптен күткен аудандық емхананың ашылу салтанатында жүздесіп отырмыз. Бұл — қазалылықтар үшін ғана емес, барша облыс халқы үшін аса



Суреттерді түсірген Б.ЕСКАНОВ

маңызды жаңалық. Дана халқымыз «Бірінші байлық — денсаулық» деп, оған аса зор мән берген. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы жыл сайын Жолдауында ұлт денсаулығына жіті мән беріп, халықтың денсаулығын жақсарту жайын ұдайы айтып келеді. Өйткені, кез келген мемлекеттің болашағы — оның халқының денсаулығына байланысты екендігі дәлелдеуді қажет етпейтін шындық.

Қазалы ауданында да денсаулық сақтау жүйесі жылдан-жылға өркендеп келеді. Бұған дейін жаңа заман талабына сай 150 орындық аурухана ашылды. Жаңа аурухана науқастарға сапалы медициналық көмек көрсету үшін заманауи медициналық техникамен, құрал-дармен жабдықталған. Ресейден «Ангиограф» медициналық ап-

параты алынып, орнатылды. Бұл коронарография жасайтын аппарат аудандар ішінде тек Қазалыда ғана бар. Жақинда Қазалы теміржол ауруханасынан МРТ орталығы ашылды. Енді сіздер Нұр-Сұлтан, Алматы секілді ірі қалаларға бармай-ақ, осы жерде медициналық қызметтер ала аласыздар. Бұның барлығы — сіздердің сапалы дәрігерлік көмек алуларыңыз үшін жасалып жатқан игі істер. Жаңа заманауи емхана халық игілігіне қызмет етіп, денсаулықтарыңыз зор болсын деп тілеймін, — деді облыс әкімі.

Мұнан кейін «РЗА» акционерлік қоғамының президенті, облыстың құрметті азаматы Самұрат Имандосов барша жерлестерін құттықтап, өз лебізін білдірді. Жаңа нысанның лентасын кию рәсімінен

соң облыс әкімі емханадағы медициналық кабинеттердің жұмысымен танысты.

Облыс әкімі Қ.Пірімов атындағы ауылға барды. Мұнда құны 350 млн теңгеге жуықтайтын жаңа спорт кешені тұрғызылған. Былтыр басталған құрылыс дер кезінде аяқталып, пайдалануға беріліп отыр. Енді кешенде футбол, баскетбол, волейбол сынды спорт түрлерінен бөлек, балалар шығыс жекпе-жекгі бойынша үйірмелерге қатысып, бокс және күреспен шұғылдана алады.

— Спорт — елдің мерейін асырып, абыройын тасыатын сала. Тәуелсіздік жылдары Сыр спортшылары халықаралық ірі жарыстарда топ жарып, көк байрағымызды асқақтатып келеді.

2-бет

● КАБЫЛДАУ

Кәсіпкерлерді не толғандырады?

Бүгінде елімізде, оның ішінде өңірде де кәсіп ашып, өз ісін бастауға ниет білдірушілерге мүмкіндік бар. Кәсіпкерлікті қолдауға бағытталып, қабылданған түрлі мемлекеттік бағдарламалар — осының айғағы. Тек, көзін тап та, тәуекел етіп, іске кіріс!

Кеше қала әкімі Асылбек Шәменов кәсіпкерлік мәселелері бойынша жеке азаматтарға арнап қабылдау өткізді.

Сб Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»



Жалпы қалада 28330 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Облыс кәсіпкерлерінің 46,9%-і қаланың үлесінде. Қазіргі кезде «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Ұлттық жоба» аясында мемлекеттік бағдарламалар бойынша 2 млрд 647 млн теңгені құрайтын 76 жоба қолдау тапқан.

Тіркелген кәсіпкерлер саны былтыр осы кезеңмен салыстырғанда 7,6 процентке, жыл басынан бері 4,4 процентке артқан. Ал жыл басынан бері қалада, қалаға қарасты елді мекендерде 3085 кәсіпкерлік субъектісі тіркеліп, 3129 жаңа жұмыс орны ашылған.

3-бет

● МӘСЕЛЕ

Елімізде 2020 жылғы 7 қаңтарда кейбір заңнамалық актілерге тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Қазір заң күшіне еніп, бұл бағытта тиісті жұмыстар атқарылуда. Ендігі кезекте «бір үй-бір бірлестік-бір есепшот» қағидаты жүзеге асады. Ол мүлік иелерінің бірлестігі коммерциялық емес ұйымын құру жолымен басқару органдарының қызметін реттеуге жол ашады.

Сб Әділжан ҰМБЕТ, «Сыр бойы»

ПИК пен МИБ: Өзгерістен не күтеміз?

Бұл міндетті атқаруға тиіс пәтер иелері кооперативтері тұрғындардан кең қолдау тапқан жоқ. Түсін-беушіліктер, түйткілдер бой көрсетті. Көпқабатты тұрғын үйлердің қараусыз қалғандары кездесті. Тұрғындар кооперативтердің тек қаржы жинаудан басқа ешқандай жұмыс атқармайтынын айтып, шағымданатын. Енді жаңа заң сол олқылықтың орнын толтырып, бұл бағыттағы жұмыстар жаңа деңгейге көтеріледі деген үміт бар.

— Тұрғын үй қатынастары туралы заңнамаға сәйкес кондоминиум объектісін басқаруды жүзеге асыру бойынша облыс аумағында меншік иелерінің бірлестігі (МИБ) және жай серіктестік (ЖС) құрылады.

Бұл мақсатта тұрғындар арасында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Облыс бойынша 1222 көпқабатты тұрғын үй бар. Олардың 913-і жаңа басқару жүйесіне қосылды. Аталған құрылымдардың 12-сі меншік иелерінің бірлестігі болса, 901-і — жай серіктестік. Бұл көпқабатты үйлердің 575-і Қызылорда қаласында орналасса, аудандар бойынша Аралда 42, Қазалыда 106, Қармақшыда 56, Жалағашта 21, Сырдарияда 28, Шиеліде 69, Жаңақорғанда 16 үйді шамалайды, — деді облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Қайсар Мұстафаев.

3-бет





● АКТИВ

ЖАҢА ҚЫЗМЕТ
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев кадрлық өзгерістерге байланысты актив отырысын өткізді.

ҚР Президенті Әкімшілігінің келісімі бойынша облыс әкімінің өкімімен облыс әкімінің бірінші орынбасары лауазымына Серік Қожаниязов тағайындалды.

Аймақ басшысы Серік Салауатұлын мемлекеттік қызметте тәжірибесі мол, білікті басшы ретінде жауапты қызметтерді абыроймен атқарғанын айтып, жаңа қызметіне сәттілік тіледі.

– Серік Салауатұлы аймақтың әлеуметтік-экономикалық ахуалымен етене таныс, басшылық қызметтегі ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, орталық және жергілікті атқарушы органдарда қызмет етіп, мол тәжірибе жинаған азамат.

Оның алдында өңірдің экологиялық жағдайын жақсартуға бағытталған жобаларды іске асыру, вегетация кезеңінде Сырдария өзенінде су тапшылығының алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру міндеті тұр.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Солтүстік Арал теңізін сақтап қалу жобасының екінші кезеңін бастау, «Қоқарал» бөгетін сақтап қалу, облыс аумағында жаңадан су қоймаларын салу жобаларын іске асыру жұмыстарын үйлестіретін болады, – деді облыс басшысы.

Серік Қожаниязов облыстық ауыл-шаруашылық және жер, ветеринария, табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу, кәсіпкерлік және өнеркәсіп, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармаларына, «Байқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясына жетекшілік жасайды. Сонымен қатар, облыстың құқық қорғау органдарымен бірлесіп, қоғамдық қауіп-

сіздікті және тәртіпті сақтау жұмыстарын үйлестіреді.

Активте облыс әкімінің тағы бір орынбасары таныстырылды. ҚР Президенті Әкімшілігінің келісімі бойынша облыс әкімінің өкімімен облыс әкімінің орынбасары лауазымына Нұрымбет Сақтағанов тағайындалды.

Өңір басшысы Нұрымбет Сақтағановтың республикалық деңгейде түрлі салаларда мол тәжірибе жинап, қызметте сатылап өскен азамат екенін жеткізіп, алдағы міндеттерін абыроймен атқаратынына сенім білдірді.

– Қазіргі таңда өңір экономикасын әрі қарай әртараптандыру міндеті тұр. Аймағымызға отандық және шетелдік инвестиция тарта отырып, өңір экономикасының шикізаттық бағыттан өңдеу саласына бет бұруын жеделдетуіміз қажет.

Облыс бюджетінің жоғары тұрған бюджеттегі, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары, қаржылық даму институттары алдында 100 млрд теңгеден астам міндеттемелері бар. Осы орайда, біз облыс бюджетінің кіріс көзін мүмкіндігінше арттыруға жұмыс жасауымыз керек.

Нұрымбет Аманұлы осы аса өзекті мәселелерді үйлестірумен айналысатын болады, – деді облыс әкімі.

Айта кетейік, Нұрымбет Сақтағанов облыстық экономика және қаржы, білім, денсаулық сақтау, қоғамдық даму, мәдениет және спорт басқармаларына жетекшілік ететін болады.

Активте облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, облыстық қоғамдық кеңес төрағасы Әріп Хожбанов жауапты да күрделі қызметті тәжірибесі мол, жоғары лауазымдарда шыңдалған азаматтар ғана атқара алатынын айтып, лайықты тағайындау жасалғанын жеткізді.

● ТАҒАЙЫНДАУ

Серік ҚОЖАНИЯЗОВ –
облыс әкімінің бірінші
орынбасары

ҚР Президенті Әкімшілігінің келісімі бойынша облыс әкімінің өкімімен облыс әкімінің бірінші орынбасары лауазымына Серік Салауатұлы Қожаниязов тағайындалды.

Серік Қожаниязов 1965 жылы Қызылорда қаласында туған. 1989 жылы Кузбасс политехникалық институтын (РФ) инженер-механик, 2002 жылы Л.Гумилев атындағы Евразия мемлекеттік университетінің Қызылорда филиалын экономист-қаржыгер мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1989 жылы Қызылорда қаласында №2 механикалық-жөндеу зауытының инженер-технологы, учаске шебері болып бастаған. 1992-1999 жылдары «Серік» шағын кәсіпорнының, «Арко-инвест» инвестициялық жекешелендіру қорының директоры, 1999-2001 жылдары Қызылорда қаласының әкімі жанындағы «Қалалық бизнес орталығы» мемлекеттік кәсіпорнының және Қызылорда облысы әкімінің жанындағы «Инвестиция тарту және құнды қағаздар рыногын дамыту орталығы» мемлекеттік кәсіпорнының директоры, Қызылорда қаласындағы «Сенім» ашық зейнетақы жинақтау қоры» ЖАҚ-ның бас менеджері қызметтерін атқарған.

2001-2007 жылдары Қызылорда облысы әкімі аппаратының нарықтық инфрақұрылымды қалыптастыру бөлімінің меңгерушісі, Қызылорда облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаментінің директоры, 2007-2008 жылдары Қызылорда қаласының әкімі болды.

2008-2014 жылдары ҚР Премьер-Министрі Кеңесінің ұйымдастыру жұмысы және аймақтық даму бөлімінің бас инспекторы, осы бөлім меңгерушісінің орынбасары, одан әрі Премьер-Министр Кеңесінің аймақтық даму бөлімінің меңгерушісі қызметтерін абыроймен атқарды.

2014-2019 жылдары Қызылорда облысы әкімінің орынбасары, ҚР Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі қызметінде болып, 2019 жылдан осы кезге дейін ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінде вице-министр лауазымын атқарып келді.

Нұрымбет САҚТАҒАНОВ –
облыс әкімінің
орынбасары

ҚР Президенті Әкімшілігінің келісімі бойынша облыс әкімінің өкімімен облыс әкімінің орынбасары лауазымына Нұрымбет Аманұлы Сақтағанов тағайындалды.

Н.Сақтағанов 1970 жылы дүниеге келген. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін, Мәскеу экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетін бітірген.

Еңбек жолын 1992 жылы Қызылорда облысының Сырдария ауданындағы №172 орта мектепте оқытушы ретінде бастаған. Әр жылдары мемлекеттік, соның ішінде кеден органдарында жауапты басшылық қызметтерде болған.

2007-2012 жылдары Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Сыртқы инвестиция көздерін жоспарлау бөлімі бастығы, аталған министрлікте министрдің кеңесшісі, Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі миграция комитеті төрағасының орынбасары, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы болды.

2012-2021 жылдары Шығыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары, бірінші орынбасары, Ұлан ауданының әкімі (ШҚО), Семей қаласының әкімі қызметтерін атқарған.

2021 жылдың ақпан айынан бастап осы кезге дейін Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданының әкімі қызметін атқарып келген.

ЕҢБЕКТІ ЕЛ БІРЛІГІ ШИРАТАДЫ

Біздің жерлестеріміздің арасында өз Отанын әлемге танытып жүрген көптеген кәсіпқой спортшылар бар. Біз Олимпиада жүлдегерлері және Әлем чемпиондарымен мақтанамыз, олардың бірінші болуға ұмтылуы жас ұрпаққа үлгі. Сол спортшылардың қатарында қазалылық Марина Вольнова да бар. Қазалының қайсар қызы 2012 жылы Ұлыбританияда өткен Олимпиада ойындарында бокстан қола медальді жеңіп алып, үздік нәтиже көрсетті.

Мемлекет басшысының бұқа-

шінде өнім өндіруге бағытталған жобалар да тарқатылды.

– Биыл ауданда «1200 басқа арналған ірі қара мал өсіру кешенінің және сүт өңдеу зауытының II кезеңі және «Балық қалдықтарынан жасалған балық ұнын өндіру кешені» жобаларын жалғастырамыз. Мемлекеттік қолдау шараларының арқасында мал басы санында өсім бар. Мәселен, Қазалы ауданында ет 101,3%, сүт 105%, мал басы 115% өсті. Ендігі кезекте мал шаруашылығы өнімдерін өндіру мен бірге оны терең өндеуге

қиындық туындайтынын білеміз. 10 елді мекенді аудан орталығымен байланыстыратын көпір мәселесін арнайы барған уақытта мердігермен ақылдасып, негізгі жұмыстарды бағдарлаған едік. Биыл басталған көпір құрылысының қазір 20 проценти орындалды. Көпірді 2024 жылы аяқтаймыз, – деді облыс әкімі.

Жыны соңында Нұрлыбек Нәлібаев тұрғындардың сауалдарына жауап берді. Мұнан соң кезектілік тәртібімен азаматтардың жеке мәселелері бойынша қабылдап, аудан әкімі мен

Қазалыдан кейін Қармақшы ауданында жұмыс сапарын жалғастыратын облыс әкімі Жаңақол ауылдық округіне қарасты Дүр Оңғар ауылына аялдап, мұнда да бірінші кезекте жергілікті жұрттың бақша егу жұмыстарын көріп, дикан қауымға сәттілік тіледі.

Айта кетейік, ауылдық округтегі 123 отбасы 25 гектар жерге түрлі дақыл еккен. Бұған елдегі «Жаңақол» ЖШС техникамен жәрдемдесіп, су келер каналдар мен қарықтарды қазуға көмектескен.

– Биыл аудан бойынша барлық егіс көлемі 24336 гектар болса, оның ішінде негізгі дақыл – күріштің көлемі 12773 гектар болып отыр. Әртараптандыру бойынша мақсары, бидай, арпа, жүгері, күнбағыс, жоңышқа және биыл қант құмайы сияқты жаңа дақыл түрін енгіздік. Облыс басшысының тапсырмасымен азық-түлік қорын өзімізде қамту үшін жеке тұрғындарға бақша егу мәселесі бойынша жұмыстар жүргіздік. Әр ауыл маңынан барлығы 316 гектарды құрайтын агроаймақ құрылып, кейбір ірі шаруашылықтардың көмегімен жер дайындалып берілген елі.

Енді аудан бойынша 837 отбасы бақша дақылдарын, картоп, көкөніс түрлерін егіп, күтіп-баптауда. Бұл жұмыстардың барлығы халық жағдайының әлеуметтік тұрғыдан жақсаруына үлкен көмек екені даусыз, – дейді аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Әсет Омаров.

Облыс басшысы ауыл орталығына салынған «Жаңақол» саябағымен танысты. Ел ішіне көрік берген нысанды салуға шаруашылық 250 млн теңге жұмсаған. Саябақ ішінде арқа, стелла, сүбұрқақ, сауда үйі және балаларға арналған спорттық ойын алаңы бар. Мұнда Нұрлыбек Машбекұлы аудандығы егін шаруашылығы бойынша аудан әкімінің қысқаша баяндамасын тыңдап, қосымша аудандағы күріш егетін ірі шаруашылық тәуірлерімен де пікірлесіп.

Ал мұнан соң Ш.Төлепова атындағы аудандық мәдениет үйінде өткен халықпен кездесуде облыс әкімі өңірдегі атқарылатын бірқатар жұмыстар мен алдағы іске асатын жобалар жайында айтып өтті. Мемлекет басшысының Жарлығы аясында аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму жоспарын аяққа аудару тұрғындарымен баян-диалог орнатты. Жергілікті жұртты толғандырған мәселелерге баса назар аударып,

көпшілікпен бірге талқылауға қатысты.

– Аймақ халқының тұрмыс сапасын арттыру үшін бізге экономикалық өсім мен тұрақтылық керек. Биыл өңірге 350 млрд теңге инвестиция тарту көзделген. Индустрияландыру бағдарламасы аясында биыл құны 2,2 млрд теңгені құрайтын 3 жобаны іске қосамыз. Соның ішінде Қармақшы ауданындағы жылқына 1500 тонна құс етін өндіретін құс фабрикасы да бар. Сондай-ақ былтыр құрылысы басталған «Балық өңдеу цехын

аталған елді мекендердегі ең өзекті мәселелердің бірі болған табиғи газға қосылатынын айтқан еді. Биыл екі ауылға да газ тарту жұмыстары басталып, таяу арада «көгілдір отын» игілігін көретін болады.

– Инфрақұрылым жұмыстары бойынша тағы айтар болсақ, Ақжар мен Т.Көмекбаев елді мекендері арасындағы автомобиль жолын күрделі жөндеу және Жосалы кентінің 12 көшесін орташа жөндеуді биыл аяқтаймыз. Осы жұмыстарды аяқтау арқылы Қармақшы ауданындағы жақсы,



ашу» жобасын жыл аяғына дейін пайдалануға береміз.

Су тапшылығын жою үшін Үкіметтен 3,6 млрд теңге қаржы бөлінді. Ал ауданда 7 насос қондырғысы алынып, 3 канал тазартылды. Облыстық бюджеттен 2 елді мекенге 3 насос қондырғысы алынып, 2 каналды тазарту жұмыстары басталып, оның біреуі аяқталды. Біз қазір азық-түлік бағасын тұрақтандыру үшін әр ауылдың мүмкіндігіне қарай көкөніс және бақша өнімдерін өзімізде өндіру үшін бос жатқан жерлерді икемдеп, егін егуге ынталы азаматтарға бөліп беруіміз қажет. Менің тапсырмаммен бұл жұмыстар барлық ауданда жүріп жатыр. Қазір жоспарлы егістен бөлек, Қармақшы ауданында 316 гектар жерге қосымша егін егілді, – деді жиында облыс әкімі.

Сондай-ақ тұрғындар тарапынан инфрақұрылым тарту мәселесінде сұрақтар жиі түсетінін айтты. Мұндай өзекті мәселе бойынша алда атқарылу жұмыс аз емес. Биыл Қармақшы, Т.Көмекбаев және Алдашбай ахун елді мекендерінің ауызсу жүйелері қайта жаңғыртылмақ. Тағы бір мәселе – «көгілдір отынмен» қамту. Жақында ғана Төртатам мен Ақай елді мекендерінің тұрғындарымен кездескен Нұрлыбек Машбекұлы

жағдайдағы жолдар үлесін 80 процентке жеткіземіз, – деді облыс басшысы.

Әлеуметтік нысандардың құрылысы да тоқтамайды. Облыс әкімінің баяндамасында айтылғандай, биыл аймақта 6 мәдени нысан ел игілігіне табысталамақ. Оның ішінде құрылысы бытыр басталған Қуандария елді мекеніндегі ауылдық клубы да бар. Ал келер жылы «Ауыл – ел бесігі» жобасымен ауруханаға күрделі жөндеу жүргізілсе, Ақжар және Дүр Оңғар ауылдарында дәрігерлік амбулатория салынады. Спорт саласында тұрғындардың спорт нысандарына қолжетімділігін арттыру мақсатында биыл 7 дене шынықтыру-сауықтыру кешені пайдалануға беріледі. Оның ішінде Жосалы кенті және Ақай ауылдық округіндегі дене шынықтыру-сауықтыру кешені барын айтуымыз керек. Сондай-ақ биыл аудан орталығындағы «Тәуелсіздік» ықшам ауданында балалар ойын алаңы пайдалануға беріледі.

Халықпен кездесу соңында тұрғындар тарапынан бірнеше сұрақтар қойылып, облыс басшысы жауап берді. Жиында көтерілген газдандыру, жол, көпір, құрылыс және әлеуметтік салалар бойынша аудан басшысы Әділбек Ерсаулановқа және тиісті салалық басқарма басшыларына тапсырмалар жүктелді. Мұнан соң жеке қабылдау өткізіп, өз өтінішімен келген тұрғындардың талап-тілегіне де назар аударды.

Сонымен, облыс басшысы үш ауданның негізгі мәселелерін тыңдап, алдағы іске асатын маңызды жұмыстарды тағы бір пысықтады. Ауыл ақсақалдарымен пікірлесіп, жұрт ішіндегі маңызды мәселені електен өткізді. Халық айтқан өтініштілектің барлығы тиісті мамандар арқылы қағазға хатталып, алда қаралатынын айтқан өңір басшысы ең алдымен, шалғай ауылдағы мәселелердің шешімі шет қалмайтынын жеткізді.



ралық спортты дамыту, қазақстандықтарды көптеп тарту жөніндегі тапсырмасы нақты орындалуда. Жыл сайын дене шынықтыру және спорт саласының материалдық-техникалық базасы нығайтылып келеді. Аймақта биыл 7 спорт кешенін беру жоспарланса, оның бірі осы ауылдағы спорт кешені. Бүгін есігін ашқан кешен ауыл тұрғындарын салауатты өмір салтын ұстануға үндейтін, жастарды бұқаралық спортқа тартатын тәрбие ошағы болатынына сенімдімін. Қашақбай Пірімов ауылы мен көршілес орналасқан Жалантөс батыр және Басықара елді мекендерінің жас жеткіншектері осында жаттығып, ел абыройын асқақтаты деген ойдамын, – деді өз сөзінде аймақ басшысы.

Айта кетейік, облыста спортпен тұрақты шұғылданушылар саны 280 адамнан асды. Ал Қазалыда бұл көрсеткіш 27 мың адамға жуық.

Облыс басшысының сапары Ә.Тыныбаев атындағы «Басықара» су торабында жалғасты. 1970 жылы салынған плотинаның негізгі міндеті – Арал және Қазалы аудандарының аясумен қамтып, көлдер жүйесіндегі балық шаруашылығын дамытуға қамтамасыз ету. Аталған нысанда 22 жұмысшы-инженер жұмыс істейді. Нысан басында ауыл ақсақалдарымен кездескен аймақ басшысы ел ішіндегі кейбір мәселелерге құлақ түрді. Басықаралықтар ауыл ішіндегі жөндеуді қажет ететін көшелердің жайы мен егінге қатысты су тапшылығына байланысты сөз қозғады.

Облыс әкімі Роза Бағланова атындағы мәдениет үйінде аудан халқымен кездесті. Жиын барысында алдымен өңірде атқарылған негізгі жұмыстар айтылып, Қазалы ауданы үшін өзекті мәселелерге тоқталды. Оның

мән береміз, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Облыс әкімі халыққа аса қажет ететін жолдарды жөндеу, газ тарту мәселелерін де шет қалдырмады. Айта кетейік, биыл Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласы аралығындағы автомобиль жолын қайта жаңғырту жұмыстары аяқталды. Сондай-ақ Қазалыдан Аралға қарасты Жанақұрылыс ауылына, Бекарыстан би ауылынан Майдакөл елді мекені бағытына қарай жолға орташа жөндеу жұмыстары жүрде. Бұған қосымша Қазалы қаласынан Кәукей, Қожабақанды Бекарыстан би және Абай ауылынан Басықара елді мекені бағытындағы автомобиль жолдарын орташа жөндеу биыл толық аяқталды.

Мұнан бөлек «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында биыл Қазалы қаласының 10 көшесі жарықтандырылып, 16 шақырым электр желісі жаңғыртылды. Ал бұған дейін Әйтеке би кенті мен Ғ.Мұратбаев ауылы тұрғындары «көгілдір отынға» қол жеткізсе, сәуір айында облыс әкімі ауданға жасаған жұмыс сапары барысында Қазалы қаласын газға қосу рәсіміне қатысқан болатын. Енді биылғы ерекше жаңалық, Жалантөс батыр, Қ.Пірімов, Басықара ауылдарына газ кіреді.

Аймақ басшысы Қазалы ауданында кәсіпкерлік, өндіріс, ауыл шаруашылығы, білім мен денсаулық салаларында атқарылған жұмыстарды баяндап, биыл қолға алынған жобаларды да тізбеледі. Мәселен, азық-түлік бағасын тұрақтандыру мақсатында жоспардан бөлек, ауданда 114 гектар жерге қосымша егін егілген. Мұнымен қоса «Қарлаң» көпірінің мәселесіне арнайы тоқталды.

– Аудан жұрты үшін ғана емес, аймақ үшін Қарлаң көпірінің маңызы зор. Әсіресе, көктем мен күзгі сең жүрген уақытта екі ортадағы жол қатынасында

жауапты сала басшыларына нақты тапсырма берді.

Облыс әкімі Әйтеке би кентінде салынып жатқан 250 орындық мектептің құрылысын да көрді. «SCS Инжиниринг» ЖШС салып жатқан ғимарат қырқүйек айында бітпек. Құны 847 млн теңгеден асатын білім ошағының бүгінде қабырғысы толық қаланып, төбесін шатырлау жұмыстары жүрде.

Мұнан соң Қазалы қаласында салынып жатқан «Өрімтал» балабақшасының құрылысы назарға ұсынылды. Жобаның құны 680 млн теңгеге жуықтайды. Мектепке дейінгі білім беретін мекеме 140 орынға арналған. Оның ішінде 2 жаспан 7 жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеуге 8 топ жасақалатын болады. Балабақша пайдалануға берілген соң 38 тұрғынды жұмыспен қамту жоспарланған.

Аймақ басшысы Өркендеу, Ғани Мұратбаев ауылында болып, тұрғындармен кездесті. Сондай-ақ Ақжона ауылдық округіне де аялдап, Майдакөл ауылы тұрғындарының бақша егу жұмыстарын көрді. Елді мекенге жақын орналасқан «Құлпыбай» учаскесінен 30 және «Құрайлы» мен «Бозарық» каналы бойынан 20 және «Жанаталап» учаскесінен 20 гектар жер дайындалып, түрлі дақыл егіліпті. Әсіресе, жергілікті халық қауын, қарбыз, картоп дақылдың тұқымын молынан еккен. Өзірге шығымы жақсы бақша өнімдерін дикандар күз айында аудан орталығынан бөлек, Арал, Байқоңыр және Ақтөбе қаласына сатууды жоспарлап отыр.

Облыс әкімі қазіргі кезде егісті әртараптандырудың маңызды екенін және әр ауылдың өзіндік ерекшелігін ескере келе, өнімділікті көбейту қажеттігін баса айтты. Сондай-ақ, арналарға су жеткізу, насос қондырғыларын уақытылы алу мәселесін жеделдетуді тапсырды.



● МӘМІЛЕ

Үшжақты меморандум жасалды

Өңірде жұмыс берушілердің еңбек ұжымдарында әлеуметтік ахуалдың тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған үшжақты меморандум жасау жөніндегі бастама жалғасын тапты.

Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес аймақтың түрлі саласындағы ірі кәсіпорны басшыларымен кездесу өткізілді. Оны облыс әкімінің орынбасары Мархабат Жайымбетов жүргізді.

Жүздесу барысында облыс әкімінің орынбасары жұмысшылардың еңбек құқығын қорғау, қауіпсіз еңбек жағдайын жасау және табысын арттыруға баса назар аудару қажеттігін атап өтті.

Өңірдегі ірі кәсіпорындар 23 мыңға жуық адамды еңбекпен қамтып отыр. Оларға қосымша әлеуметтік қолдау көрсетіп келеді. Ендігі кезекте еңбек жұмыстарында әлеуметтік ахуалдың тұрақтылығын қамтамасыз ету жалғасын табуы

тиіс. Өрбір жұмыс беруші қызметкерлеріне қолайлы еңбек жағдайын жасау қалағанады. Еңбеккерлер жалақысын кезек-кезенімен көбейту қажет.

Облыс әкімінің орынбасары ірі кәсіпорын басшыларын бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға, түрлі әлеуметтік жобалар мен әлеуметтік нысандар салу арқылы халықтың әлауқатын көтеруге бағытталған игі істер жасауға шақырды.

Жиын соңында облыс әкімдігі, ірі кәсіпорын жұмыс берушілері мен облыстық кәсіподақ өзара ынтамақтастық туралы меморандумдарға қол қойды. Олардың қатарында «СНПС - Ай Дан-Мұнай», «Шалкия Цинк ЛТД», «Қорқыт Ата әуежайы», «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ, «Көлжан», «Интергич клиникасы», «Қызылқұм», «РУ-6», «Хорасан-У (Хорасан-У)», «Гезуба Шиелі Цемент компаниясы», «Фирма Балауса», «Шаған Жер», «Қазалы теміржол ауруханасы», «Alexey Sultan Akhmet», «Zhanros Drilling», «СКЗ-У», «Сыр медиа» «Ұлы Қабырға» (Қызылорда) бұрғылау компаниясы ЖШС-тері және «Қызылордажылуэлектрорталығы» кәсіпорындары бар.

Бұған дейін облыс әкімдігі «ҚазГерМұнай» БК ЖШС, «Торғай Петролеум» АҚ, «ПетроҚазақстан Күмкөл Ресориз» АҚ, «Қазақстан Темір Жолы Жүк тасымалы» қосалқы бөлімі, «ҚОР» мұнай компаниясы» АҚ, «ҚазПетрол груп» ЖШС, «Қуатамолмұнай» БК ЖШС компаниялармен осындай меморандум жасаған болатын.

Меморандумның негізгі мақсаты — еңбек ұжымындағы әлеуметтік-еңбек жағдайы мен өндірістік процестердің тұрақтылығын қамтамасыз ету. Сондай-ақ, жұмыс орындарын сақтау және персоналды жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету жөнінде шараларды қабылдауға назар аударылады.

«СБ» ақпарат



AMANAT

● АПТА АҒЫМЫНДА

Біліктілікті арттыру курсы

«AMANAT» партиясы Саяси менеджмент академиясының ұйымдастыруымен 13-22 маусым аралығында өңірде ауыл әкімдерінің білімін жетілдіруге арналған көшпелі оқу семинары өтті. Оқу курсына облыстан 141 кент, ауыл, ауылдық округ әкімдері мен партия филиалдарының Атқарушы хатшыларын қамту жоспарланған болатын. Апта басында ауыл әкімдерінің 19-ы оқу курсын сәтті аяқтады.

Белсенділер марапатталды

«AMANAT» партиясы облыстық филиалының Атқарушы хатшысы Ләйла Төрешова республикалық референдум қорытындысы бойынша облыстық штаб құрамында белсенділік танытып, референдумның сәтті өтуіне атсалысқан партия белсенділері мен жақтастарына Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың, партия Төрағасы Ерлан Қошановтың, партияның Атқарушы хатшысы Асхат Ораловтың Алғыс хаттарын табыстады.

Науқан кезінде өңірде партия филиалдары жанынан 9 штаб құрылып, 100 мыңнан астам азаматты қамтыған 700-ден астам іс-шара ұйымдастырылған.

Мектеп-интернаттарының ахуалы қалай?

«AMANAT» партиясының облыстық филиалы жанындағы білім беру және денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңестің отырысында облыс бойынша арнайы және мектеп-интернаттарда оқитын балаларға жасалған жағдай сонымен қатар, аутизм және аутизм спектр бұзылыстары бар балалармен жұмыс жасау мәселелері талқыланды.

Жиын барысында арнайы кітап таныстырылып, даму ерекшеліктері түрлі балалармен жұмыс жасайтын қызметкерлерге, мемлекеттік мекемелерге және кітапханаға тартылды.

Мектеп құрылысы бақылауда

Партияның облыстық филиалы жанындағы партиялық бақылау комиссиясының мүшелері сайлауалды бағдарлама аясында салынып жатқан «Бәйтерек» шағын ауданындағы 600 орындық мектеп құрылысына бақылау жасап, мердігер мекеме басшыларына анықталған кемшіліктер бойынша ұсыныстар берді. Сондай-ақ құрылыстың сапалы әрі уақытылы аяқталуын қатаң тапсырды.

Көшпелі қабылдау

Партияның облыстық филиалына ауысу мен электр жарығына қатысты қаладағы К.Нүрекешов көшесінің бір топ тұрғындары атынан өтініш түскен болатын. Тұрғындар өтініші бойынша партия филиалының мамандары тұрғындармен кездесіп, мән-жайға қанықты. Тиісті жұмыстар жасалуда.

Азаматтар өтінішпен келді

Облыстық мәслихаттағы «AMANAT» партиясы депутаттық фракциясының мүшесі Аида Әбимаева, облыс бойынша ветеринариялық бақылау және қадағалау аумақтық инспекциясының басшысы Жандос Сәрсенбаев, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Қызылорда қаласындағы басқарма басшысы Ләззат Темірова кестеге сай қабылдау өткізіп, тұрғындардың ұсыныс-пікірін тыңдады. Қабылдауларға 10-ға жуық азамат өтінішпен келді.

Осы аптада партия тарапынан түрлі форматтағы 51 қоғамдық-саяси іс-шара ұйымдастырылды.

Кәсіпкерлерді не толғандырады?

Қала басшысының қабылдауына алғаш болып жас кәсіпкер Ұлан Сайлау келді. Өзі мектеп оқушысы екен. Ұлттық өнерді өрге сүйреп, насихаттап жүрген жастың бірі. Ұлан тоқымашымен аяқ киімнің түр-түрін тігіп, берекелі іс бастауда. Алдағы уақытта мемлекеттік бағдарлама арқылы қайтарымсыз грант алып, шағын шеберхана ашуды көздейді. Өз кезегінде қала әкімі Асылбек Шәменов жас шебердің таудай талабы мен өнерін қолдайтынын және көмектесу жасауға талмағандықтан мемлекеттік бағдарламаға ата-анасының біреуі қатыса алатынын айтты. Кез келген кәсіпті ашуға ең алдымен бизнес идея керек. Осы тұста жас кәсіпкерсіз инновациялық жобалар арқылы қаржы алуға өзі көмектесетінін де жеткізді.

Қабылдауға келгендердің тағы бірі — Әбілда Достанбаев. Ол 2017 жылы жер алып, медициналық орталық ашқан. Жеке кәсіпкерге кәсібін кеңейту үшін қосымша жер қажет. Осы уақытта дейін түрлі кедергілер, түсінбеушіліктерге байланысты сұраған жерін ала алмаған. Қала әкімі мәселені жан-жақты зерттеп, оңтайлы шешуді қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолашылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Ғалымжан Қайназаровқа тапсырды.

Жеңісбек Төлепбергенұлы да кәсібін кеңейту үшін жер сұрап келген. Ол Қызылжарма ауылдық округінде он сотық жерге жылжыай салып, көкөніс өсірумен айналысады. Кәсіпкердің бұйымтайын тыңдаған Асылбек Шәменов тиісті көмек көрсетілетінін айтты.

Жеке кәсіпкер Жанася Жүнісова да мәселесін жеткізді.

— «Умный дом» ЖК биыл ақпан айында «КРЭК» АҚ мекемесінен тендер ұтып алды. Біз қаладағы «КРЭК» мекемесі мен аудандық бөлімшелерінің өрт дабыл жүйелеріне ай сайын тексеріс жүргізіп, қызмет көрсетеміз. Алайда, жыл басынан бері бізге ақша аудармай отыр. Негізгі келісім-шартта жыл соңына дейін ай сайын 89900 теңгеден түсіп тұруы тиіс еді. Мамыр айында басшысына арнайы хат жаздық. Бірақ жауап берген жоқ. Мекеме есепшісі апта соңына дейін аударамыз деген. Өлі күнге дейін түспей отыр. Бүгін міне, кәсіпкерлерді қабылдап жатыр дегенді естіп келдім. Олар қолдан келгенше көмектесуге уәде берді, — деді Жанася.

Жалпы қала әкімінің қабылдауына 35 кәсіпкер келіп, мәселелерін жеткізді. Айта кету керек, материал жазылып жатқан уақытта кәсіпкер Жанася Жүнісова хабарласып, шаһар басшысының қабылдауынан кейін «КРЭК» мекемесінен алашағының аударылғанын айтып, ризашылығын білдірді.

Қала басшысының қабылдауы кезінде байқағанымыз, жаңадан кәсіп ашқысы келетін азаматтар немесе кәсібін кеңейтуге ұмтылғандар көптеген кедергілерге кезігеді. Бірі жерді жалға алу кезінде оған кепіл қою, инфрақұрылымы дамымаған жерлерге орналасу болса, енді біріне қаржылық сауатсыздық кедергі келтіреді. Келесі біріне қаражат жетпесе, тағы бірін жөнсіз тексерулер шаршатады. Қабылдауға келгендер аталған кедергілердің жолын кесу, кәсіпкерлікті дамыту үшін осындай қабылдаулардың, басқа да кәсіпкерлерді қолдайтын шаралардың жиі ұйымдастырылғанын қалайды.

1-бет

«ҚазТрансГазАймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалы алдағы жылу маусымына дайындықты белгіленген кестеден ерте бастап кетті. Дайындық жұмыстарын көрсету үшін жергілікті БАҚ өкілдеріне баспасөз туры ұйымдастырылды.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

Қыс қамына ерте кірісті

Алдымен қала орталығындағы Шымбай ауданына қарасты №13 А газ тарату пунктінде болдық. Мұндай пункттер саны 50 болса, оның 37-сі қалаға тиесілі.

Қызылорда өндірістік филиалы газ желілерін пайдалану және жөндеу қызметінің инженері Марат Абасов қалада орналасқан газ тарату пункттері мен шкафтарына жоспарлы түрде жөндеу жұмыстары жүргізілгенін айтты. Газ реттегіштердің жөндеуі 100%, газ реттегіш шкафтары 56%-ке орындалған. Жер үсті газ құбырының бойында қисайған, майысқан құбырлар жөнделген.

Өндірістік филиал облыс бойынша 2 336 шақырым газ құбыры мен құбыр бойындағы нысандардың қалыпты жұмыс істеуіне жауапты. Директордың бірінші орынбасары Жайық Әлішевтің айтуынша, бүгінге дейін күзгі-қысық кезеңге дайындық жұмысы 56%-ке жүргізілген.

— Дайындық жұмыстары толық аяқталған соң облыстағы 125 284 абонент алдағы жылу маусымында «көгілдір отынды» алаңсыз тұтына алады. Бүгінгі күні ескірген, қисайған, майысқан құбырларды жөндеп, сыры кеткен жерлерін қайта бояудан

бастап, жерүсті және жерасты желілерінің тұтастығын тексеру, жөндеу, газ құбырларындағы жабдықтың жай-күйін зерттеу мен ауыстыру сияқты техникалық жұмыстардың 21 түрі орындалуда, — деді Ж.Әлішев.

Бұдан бөлек, газға қатысты түрлі апаттық жағдай бола қалса, тиісті мамандардың қалай қимылдау керектігі бөлек пысықталуда. Бұл орайда техника мен газ мамандарының жұмыстарды орындауға дайындығын тексеру үшін арнайы оқу-жаттығу сабақтары өткізілген.

— Алдағы маусымдық жұмыстарға дайындық кестеден ерте орындалды. Техникалық жұмыстардан бөлек, облыс әкімдігінің тапсырысы бойынша салынып жатқан газ құбырларына да бақылау жүргізіліп келеді. Биыл жыл соңына дейін облыстағы 5 елді мекенге газ жеткізіледі. Оларға «көгілдір отынды» апаратын газ құбырларының құрылысына «ҚазТрансГазАймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалы тиісті бақылау жасауда. Бұл — жұмыстың сапалы жасалуына септігін тигізбек, — деді өндірістік-техникалық бөлімінің басшысы Нұрлан Құрманбаев.



ПИК пен МИБ: Өзгерістен не күтеміз?

Ал, қалған 309-ы коммуналдық меншікте және үйлердің апаттық жағдайда болуына байланысты басқару ұйымдары талап етілмейді. Жаңа басқару органдарының мүлкітерін әділет органына тіркеу жұмыстары жүріп жатыр. Кейбір үйлердің құжаттарын заңдастыру уақыт алуға.

Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау үшін жинақ шоттарын ашу, көпқабаты тұрғын үй шығыстарының ең төменгі мөлшерін, коммуналдық қызмет көрсету ережесін бекіту жұмыстары жүруде. Жай серіктестіктер заңды тұлға болып саналмайды. Сондықтан қолданыстағы заңға өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар жолданды.

Қазір басқарма туындаған мәселелерді көрсетіп, жаңа басқарудың толыққанды жүзеге асырылу уақытын жыл аяғына дейін созуға ұсыныстар

жолдады. Қолданыстағы заңның 48-1-бабына сәйкес, көппәтерлі тұрғын үйлер басқарушысының функциясына кондоминиум объектісін басқаруға және ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстар сметасының жобаларын күнтізбелік бір жылға үй иесінің қарауына (келісуіне) ұсына отырып жасау міндеттелген. Сондай-ақ, үй кеңесінің кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін басқару және күтіп-ұстау бойынша ай сайынғы есепті ұсыну мәселесі де қарастырылған, — деді Кайсар Мұстафаев.

Бұл тұрғындардың қажетті жұмыстар тізімін өз бетінше тандап, жылдық шығындар сметасын жасауға мүмкіндік береді. Оны жиналыста бекіту арқылы ай сайынғы шығындар есептеледі. Өрбір үйдің тұрғындары кондоминиум объектісін басқаруға және күтіп-ұстауға арналған шығыстар сомасын дербес белгілейді. Егер тұрғындар тарифтің мөлшеріне қар-

сылық білдірсе, онда меншік иелері бірлестігі төрағасы оны қайта қарауы тиіс.

Бұдан басқа, шығыстарды оңтайландыру үшін көпқабаты тұрғын үй пәтерлерінің меншік иелері басқару функцияларына тұрғын үй басқарушысына немесе ондаған үйді басқаруға алатын, аталған тұрғын үйлерді ұстауға байланысты мәселелерді кешенді шеше алатын басқарушы компанияға беруге құқылы. Тір-келген және қызметін жүзеге асыратын үй-жайлар (пәтерлер) меншік иелерінің кооперативтері, пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің тұтыну кооперативтері, тұтыну кооперативтері көппәтерлі тұрғын үйді басқару жөніндегі қызметті биылғы 1 шілдеге дейін жүзеге асыра алады. Бұл ҚР «Тұрғын үй қатынастары» заңының 7-тарау 42-бабындағы өзгеріске сәйкес жүзеге асырылады.

Атап өтерлігі, көппәтерлі тұрғын үйді, кондоминиум

объектісінің ортақ мүлкін салуға, күтіп-ұстауға және пайдалануға байланысты барлық қолда бар құжатты қабылдау-тапсыру актісі бойынша көппәтерлі тұрғын үй кенесіне беруге тиіс. Оған қоса қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылғаннан кейін заңнамада айқындалған тәртіппен таратуды жүргізуге міндетті.

— Айта кетсек, мүлктің меншік иелерінің бірлестігі заңды тұлға ретінде саналады. Ол — коммерциялық емес ұйым, оны төраға басқарады. Құрылым жарығы сәйкес әрекет етеді. Басқарушыны жалдау мүмкіндігі бар. Жай серіктестік заңды тұлға емес. Аталған құрылымдар тұрғындардың қаражатымен үйді күтіп-ұстайды. Ағымдағыжәне жинақ шоттары сіздің үйіңізге бекітіледі. Ал бос тұрғын емес үй-жайларды, жергілікті жалға беруден, жарнамадан және басқалардан табыс алу, үйді күрделі жөндеуге республикалық бюджеттен жеңілдікпен қаржыландыру

алу мүмкіндігі бар. Жергілікті бюджет есебінен үйге техникалық тексеру жүргізе алады, — деді басқарманың тұрғын үй қатынастары және экономика бөлімінің басшысы Айгүл Ілиясова.

Оның айтуынша, жергілікті бюджет есебінен кондоминиум объектісін тіркеу, оның ішінде сіздің үйіңіздің жер учаскесін рәсімдей отырып, қаражат болған жағдайда қайтарымды негізде ліфтіні жөндеу, ауыстыруды ұйымдастыру және қаржыландыруды жүзеге асыруға құқылы. Бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған қасбеттерді, шатырларды жай немесе күрделі жөндеуді ұйымдастыру, қаржыландыруды жүзеге асыруға құқылы.

Айта кетерлігі, штатта үйді күтіп-ұстауда қызмет көрсету бойынша қызметкерлер санының көп болмауы қажет. Қаражатты жұмсаудың ашықтығы, мұнда 30%-і басқаруға, ал 70%-і үйді күтіп-ұстауға жұмсалады.

1-бет

Жақында ғана адам жанына жылу берер кездесу өтті. Басты қонағымыз – әдебиетсүйер қауымға жақсы таныс. Шығармаларының дені тартылған Арал мен ондағы тіршіліктің өткені және бүгінгісі. Өзім де журналистік сапта жүрген соң бұл тақырыпқа соқпай кетпейтінмін. Кейіпкеріміз белгілі қаламгер Қуаныш Жиенбай екенін білгенде... Басшылық тараптан айтылған ұсынысқа бірден келістік. Батыс беткейде қанаттаса жатқан қос аудан – Арал мен Қазалыда өтетін жазушының шығармашылық көшіне Қуаныш ағамның өзімен бірге аттандық.



ТЕҢІЗДІ ӨЛКЕНІҢ ТҮЛЕГІ

Аралды сүю керек қайтқанда да

Марқұм Мешітбай көкем жазды осы өлеңді ұмытпасам. Құттықовтың жыры қоржынында Арал жайы аз айтылмаған еді ғой. Иә, теңізді өлкеде туған талай талант бұл манды шамашарқынша жырлап кетті.

– Сөлем айт Арал жайын айтқанға да, Жүзгенге, толқынында шайқалғанға. Барында базарының қонса бақыт, Аралды сүю керек қайтқанда да. Сұлудың ақ жүзінен әр тайғанда, Ақынның албырт жыры ортайғанда. Аралдан ақ тілегің айнымасын, Ананы сүйгендей-ақ қартайғанда...

Есте қалған шумақ еді. Жағалаудан ұзаған толқынның дыбысын аңсағандар көп расымен де.

Максим Горькийдің есімі оқырманға жақсы таныс. Қараңызшы. «Менің жазғаным орыс ұлтының қайғысы». Осылай деген ұлы жазушының шығармалары да халық үнімен астасып кеткен.

Жоғарыда айтып кеттім, Аралдан шыққан ақын да, жазушы да жағалаудан қашқан теңізді көп іздеді. Іздеп те келеді. Аңсайды. Күттеді. Оралар деген сеніммен жүр. Өлдебір үміттің жетегі бұл.

Олар әлемдік апаттың себебін іздеп сенделген жұрттың жайына жүрепкен үнілді. Солардың бірегейі Қуаныш Жиенбай ағамыз. Қаламгердің «Жалғыз желкен», «Теңіздегі бір тамшы», «Құлан жанарындағы ғұмыр», «Жер сілкінісінен бір күн бұрын», «Даңқ түрмесінің тұтқыны», «Қателессіз қымбатты», «Елде жөк ережелер», «Жиделі тоғайдағы жеті күн», «Ән салуға әлі ерте», «Күн түспейтін терезе», «Жер үстінде де жұмақ бар» кітаптары және таңдамалы шығармалар жинағы қалың оқырманның көңілінен әлдеқашан шыққан.

Байқоңыр мен Арал жайын көсіле жазған кім десеніз, саналы буын Қуаныш Жиенбайды сілтейді. Өсіресе, қазіргі Арал ауданына қарасты Бөген ауылынан әрірек, 7 шақырымда жатқан көне Бөгенде бір жылда туып, мектеп бағырғасын бірге аттаған кластасы һәм досы Толыбай Абылаев та осылай дері анық. Рас-ау. Бірақ аяулы аналарының, қос есекті қара қайықты ескен қайратты әкелерінің үмітмен бірге туған халықтың жыртасын жыртып, жоғын жоқтау маңдайына жазылғанын бұл екі ағамыз білмесе керек-ті. Тек бөзге белгілісі, бірі өлеңмен өріп, бірі қаймақты сөзін қалқытып, ажары әлдеқашан тайған Аралды әлі іздеп келеді...

Бала күнінен толқын көрген, толысқан теңіздің шапшы соққан сонғы мінезінің куәгеріндей қос ағам. Қуаныш пен Толыбай. Жиенбаев пен Абылаевтың Арал жайлы әлі де айта берері хақ. Ал біздің бүгінгі теңіз деп таңдаймызды тақылдата таңғалып жүргеніміз көлге ұқсай ма, қалай? Сырдың суы жыл сайын сыздықтап ақса, көлге ұқсатқаның көлшікке айналмасына кім кепіл?! Бұрынғы шірене ағар дариан жоғы рас қой. Құдай

бетін аулақ қылғай! Осы тілекті барлығы іштей қайталап жүр.

Теңіз төсінде туған екі дос биыл 70-ке келді. Бір мектептің бір класынан шыққан ақын мен жазушының қасына Қызылордадан бастап атқосшылыққа жарап келемін. Туған жерге табан тіреп, алдымен Әбдіжәміл Нұрпейісовтің музей үйі мен «Балықшылар» музейіне соққан қаламгерлер теңіз бен атақасіп – балықшылықтан қалған түрлі жәдігерлермен танысты. Өкелерімен бірге ау құрып, теңізден балық сүзген екі қаламгер бала күнгі қызықтарын айтып, өлкедегі бұрынғы тіршілікті сағынышпен еске алды.

Одан кейін аудандық орталық кітапханада оқырмандармен кездесіп, өмірінің бедерлі тұстары мен еңбек жолы жөнінде ой бөлісті. Кітапхана басшысы Жанар Әлішова мен ондағы қызметкерлер қасиетті нан мен Аралдың нағыз суысы – шұбатын ұсынып, қонақжай халықтың ілтипатын көрсетті. Кітапхана көрмесімен таныстырып, Қуаныш ағамыздың барлық кітаптарына қысқаша шолу жасады.

– Апыр-ай, мынаның барлығы менің кітаптарым ба? – деп риза кейіппен сөйлейді жазушы. Солай дейді де әр шығармасына елжірей қарайды. Қаламгердің бұл кейпі еншісін әлдеқашан беріп, арада көп жылдан соң баласымен сағынысып қауышқан әкедей көрінгенін қалай айтпасқа?! Айтпақшы, кітапханадағы оқырмандармен жүздесу өз деңгейінде өтті. Жазушы шығармаларына қатысты сан түрлі сұраққа жауап беріліп, теңіз бен туған өлке жайында ән шырқалып, өлең де оқылды.

Осылайша белгілі жазушы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, «Жалғыз желкен» лауреаты, «Жалғыз баспасы жариялаған бірнеше жабық бәйгесін жеңді» лауреаты, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері, Арал ауданының Құрметті азаматы Қуаныш Жиенбайдың шығармашылық кеші өз кіндігі кесілген теңізді үйіндегі басталды. Осындағы мәдениет үйіндегі кеште аудан әкімі Серік Сермағамбетовтың өзі бас болып, жазушы мен жары Әтіркул Бидайбекқызына, досы, белгілі қаламгер Сүлеймен Мәметке құрмет көрсетті.

Мерейтойға арналған кеш

ең алдымен жазушының «Ұры» атты туындысынан үзінді ретінде алынған «Тулақ» қойылымымен басталған еді. Жергілікті мәдениет саласының қызметкері Серік Жаңабәев жазған драмалық көріністе жыраққа сатылып кеткен баланың елге деген сағынышы әсерлі суреттелген.

Жиында аудан әкімі Серік Сермағамбетов қасиетті Арал топырағынан өсіп-өнген қарымды қаламгерлердің қазақ әдебиетінде алар орны ерекше екенін, сан ғасырдан бері келе жатқан жыраулар мен би-шешендердің ізін жалғап, кешегі Әбдіжәміл бастаған сөз өнерін ұлықтаған теңіз ұлдарының жалғасы тоқтамайтынын айтты.

– Сонын ішінде аядай ғана ауылдан шығып, әдебиет әлеміне еркін ене білген Қуаныш Жиенбайдың тың ізденіс, тосын сүрлеуіне әдебиетіміздің көрнекті тұлғалары мен қаламгерлері әрдайым оң бағасын берді. Болашақ жас ұрпақ сіз секілді елінің қамын ойлар, рухы биік тұлғалардан үлгі алып өседі. Ұрпаққа өнеге болар мол мұраларыңыз көбейіп, жазарыңыз таусылмасын. Сізге зор денсаулық, мәнді де мағыналы ұзақ ғұмыр, шығармашылық қызметіңізге толағай табыстар тілеймін. Жетпістің желкенін кереген мерейлі мерейтойыңыз құтты болсын! – деп лебізін білдіріп, қазақы дәстүрмен иығына шапан, жарына ақ жаулық жапты.

Одан соң аудан әкімі жазушының қаламдас досы, Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, білім беру саласының үздік қызметкері Сүлеймен Мәметті де 70 жылдық мерейтойынан арнайы құттықтап сый-сияпатын да ұмытпады. Аралға келген арнайы қонақ сөз алып, Арал өңірі халқының кеңпейіл көңіліне бас иіп, ризашылығын білдірді. Қуаныш Жиенбай ағамызбен бірге жүрген сәттердің естеліктерінен сыр шертті.

– Айналайын ел-жұрт! Кіршіксіз ниеттеріңіз бен апақ жүректеріңізден, бізге жасап жатқан ілтипат-ізеттеріңізден, қасиеттеріңізден айналдым. Әрқайсымыздың кіндік қанымыз тамған жеріміз бар, киелі еліміз бар. Елге еркелейміз, жұртқа келіп аунап-қунап жатамыз. Бізді еркелеткен, маңдайымыздан

сипаған осы елге, оның азаматарына мың алғыс. Қазақ бұдан кем болған жоқ. Оның ұлылығы, дархандығы, кеңдігі жерінен. Жері қандай кең болса, жүрегі де, тілегі де сондай кең.

Бұл Қуаныш екеуіміздің әкелеріміз де құрдас, өзіміз де бір жылдың, тіпті бір айдың төліміз. Қуаныш, сен шағын ауыл Бөгеннен шығып, барша қазаққа танылдың. Бұл екінің біріне бұйырмайтын бақ. Бақыттың құтты болсын, бауырым, – деп тебірене тілегін жеткізді Сүлеймен ағамыз.

Сонымен бірге жазушы жайлы сыныптасы әрі ақын досы Толыбай Абылаев, бір кездері қызметтес болған журналист-жазушы Жұмабай Жақып мінезі де, туындылары да өзгелерден бөлек қаламгердің шығармашылығы хақында келінінен әңгімеледі. Тіпті, Жұмабай аға 1972 жылы «Ленин жолы» (қазіргі «Сыр бойы») газетіне Қуаныш екеуінің өлеңі шыққан газет нөмірін естелікке сыйға берді. Демек, жазушы ағамыз бұрынғылардың үрдісінен жаңылмай, жазуды өлеңнен бастаған. Сондай-ақ жерлесі, сазгер Болатбек Тәжімбетов сахна төріне көтеріліп, жазушы туған Бөгенге арналған анін шырақды. Жиын соңында кеш иесі сөз

аралап, ықылас пен пейілге әбден тойғандаймыз. Айтпақшы, Толыбай ақынның да осындай кеші жылы күздің басында өтпек.

Бетоншыдан жазушылыққа...

Қуаныш аға Қазалыға бөтен емес. Тіпті, әріден қозғасаңыз, бабалары осы төңіректен шыққан. Ал өзі осы Қазалыда аз-маз уақыт жұмыс істеген. Өзінің айтуынша, мектеп бітірген соң оқудан әдепкі жылы жолы болмапты.

– 70-жылдан теңіздің қайтуы басталды ғой. Сол уақыттары біздің үй осында көшті. Бөгеннен Қазалыға қоныс аударған соң оқуға талаптандық. Одан жол болмай, елге қайта келдік. Жұмысқа тұрып, осындағы бетон дайындайтын зауытқа еңбек еттім. Есімде әлі, сол уақытта «Басықара» плотинасының құрылысы жүріп жатты. Бетоншы бола жүріп, бала күнінен қалыптасқан шимайларымды да ұмытпадым. Өлең шығарып, аудандық «Ленин туы» газетіне, Аралдағы «Толқын» басылымына жолдайтынмын. Онымыз жарыққа шықса, кәдімгідей қанаттанып жүретінбіз. Кейін нағашымның сілтеуімен жазған-сызғандарымды белгілі жазушы, жерлесіміз Әлмәмет Әліш ағамыз көріп ұнатқан екен. Осылайша аудандық газетке корректор болып жұмысқа қабылдандым, – деп еске алады жазушы.

Аудандық басылымда көп жұмыс істемеген Қуаныш Жиенбай келер жылы Алматыға аттанып, ҚазМУ-дың



алып, ыстық ілтипат пен құрмет көрсеткен барша жерлестеріне, сондай-ақ ол осы кештің өтуіне ұйытқы болған аудан әкімдігі мен мәдениет бөліміне зор ризашылығын білдірді.

– Қошметек көрсетіп, алақанында аялаған туған халқыма мың алғыс. Елдің елдігін келгені бері көріп те, біліп те жаттырмаз. Оның үстіне шүкір, мұндағы ағайынның жағдайы біз өмір сүрген уақыттан әлдеқайда ілгері. Тұрмыс жақсарып, аудандағы халық саны артқанын да байқадым. Жалпы қаламгер деген халыққа көп дүниенің қажеті жоқ. Оларға тек оқырманның жақсы ниет-лебізі болса, сол жетіп жатыр. Сонын өзі қанат бітіреді. Алла қаласа, әлі талай жоспар бар. Әлі де сіздер сенген, сіздер күткен теңіз жайлы жазған тың дүниеміз жеткілікті. Мен туған жерімнің ыстық топырағын ұмытпадым. Шет елде жүріп, ойымнан теңіз шыққан емес. Егер бойымда кішкентай бір таланттың жүзгіні болса, ол да осы өлкеден дарыды, осы топырақтың қуаты, – деп риза көңілмен ақтарылды жазушы.

Қуаныш ағам теңіз жайлы тақырыпта қаламының тоқтамайтынын айтқанда Мешітбай көкемнің әлгі өлеңі ойға тағы оралады. Аралды сүю керек қайтқанда да...

Солай. Бүгіндікке ел ішін

туған жерді, елді сүюге жетелейтін әбден анық. Мерейтойыңыз құтты болсын, – деп тілегін білдірді аудан басшысы.

Мұнан соң Қуаныш Әлмұратұлы мен оның жарының иығына қазақы дәстүрмен шапан мен ақ жаулық жауып, сый-құрмет көрсетті. Медицина саласының ардагері, Қазалы ауданының құрметті азаматы Құлпыбай Ысқақов, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Қазалы ауданының құрметті азаматы Қасқырбек Мәмбетжан, жазушының қаламдас достары, «Егемен Қазақстан» газетінің ардагер тілшісі Сүлеймен Мәмет пен ақын Толыбай Абылаев сөз сөйлеп, ізгі лебіздерін білдірді. Ақын Толыбай досына арнаған «Қара сөздің жорғасы» атты өлеңін сахнада оқыды.

– Жас күннен жай таппай, Жаздың туған Аралды. 70 келді байқатпай, Ағартқан сәл самайды... Айнымайтын Аралдан, Ұшан теңіз ойларын, Сол Аралдан жаралған, Қаламгерлік қайнарын. Қаламгерге қарымды, Ықыласы зор елдің. Шәкіртсің дарынды, Нұрпейісов Өбеннің. Кітабың жүр аралап, Байтақ елдің әр тұсын, Жаза бер дос, саралап, Құллі қазақ халқы үшін.

Толыбай аға осы өлеңді оқығанда залдағы көрермен дуылдата қол соқты. Иә, бала күннен қатар өсіп, бозбала кездегі алғашқы да сәтсіз махаббаттың күйін қатар кешкен қос достың ықыласына жұрттың ризашылығы еді бұл. Толыбай ақын мен жазушы Қуаныштың әкелері нәпақасын теңізден айырып, аналары солар тапқан несібемен ұл-қызын өсіріп, бала тәрбиесімен айналысқан. Төкемнің айтуынша, Қуаныш көпбалалы отбасыдан шыққан әрі үйдің үлкені. Қазақы тәрбиемен әжесінің қолында өсіпті. Ал әкесі Әлмұрат теңізде жүзген кемеде әрі механик, әрі балықшы болған.

Шығармашылық кештің қызық болатын жөні бар. Қазалыдағы ақын інім, аудандық «Қазалы» газетінің бас редакторы, Ғани Мұратбаев сыйлығының иегері Есет Табынбаев сыр-сұхбат арқылы жазушының актарылуына, әсерлі әңгіме өрбітуіне керемет сұрақтар дайындапты. Қуаныш ағамыз да Есеттің сұхбаттасудағы шеберлігіне риза болды. Сондай-ақ, оқырмандар жазушының шығармашылығына қатысты өз сауалдарын қойып, пікір алмасты. Соның бірі – жазушының Әбдіжәміл Нұрпейісовке қалай шәкірт атануы еді. Ханнан да, қарадан да қаймықпай, айбарлы пікірін ашық айтатын абыз жазушыға Қуаныш қалай ұнап жүр? Жазушы өткен жылда естелігін былай бөліскен еді сонда.

– Мен оқуға түсіп, төртінші курсқа өткен жылы «Лениншіл жас» газетіне (қазіргі «Жас Алаш») жұмысқа орналастым. Ол кезде редактор Сейдахмет Бердіқұлов. Сонда жүргенімде «Түз» деген шағын материал әзірледім. Оның сюжеті біздің елде тұрған Төлеген Әлімбетов есімді кеме капитаны жайлы еді. Ол кісі теңіз тартылған соң жақын ағайындырымен Қапшағайға көшіп, осында кәсібин жалғастырған. Сол ағамыз Қапшағайда жүріп қайығының басындағы Аралдан алып келген бір қап тұздың бір түйірін аузына салып барып, суға ауын төгіп, балығын аулайды екен. Осындай оқиғаға құрылған әңгімеді Өбекең оқып, Сейдахмет ағамызға телефон шалған көрінеді. «Үйге жетсін» деген хабар келді солай. Таныстығымыз осылай басталды, атакты жазушыдан көп дүние, тәлім, жазудың қырсырын хал-қадірімізше үйрендік. Әлем мойындаған Әбдіжәміл аға туымысынан солай, кез келген адамды жанына көп жұғуға бермейді. Ал өзі ұнатқан адамды іздеп тауып алады. Қысыр әңгіме, бос сөз болған жерде ол кісіні таппайсыз. Ол өмір бойы әдебиетке, жазуға деген адалдық қалпынан таймай, дүниеден өтті, – дейді Қуаныш аға.

Айтпақшы, елге арнайы келген жазушы мен басқа да қонақтар Жанқожа батыр кесенесі мен Жанлұтас баһадүр ескерткішіне барды. Құран оқытып, бабалар рухына тәу етті. Қазалыдағы аудандық тарихи-өлкетану және Ғани Мұратбаев мемориалдық музейіне соғып, жергілікті тарихи жәдігерлермен де танысты.

Осындай екі ауданда өткен әсерлі кеш тағылымды іс-шаралар легімен аяқталған. Сара сөздің құлагері, Аралда туып, алты Алаш баласына рухани азық сыйлап жүрген Қуаныш Жиенбай туған халқы осылай дәріптеген еді. Ал «Арал тағдыры – адам тағдыры» деп толғанған қаламгердің қаламы мұқалмай, әлі де көп дүние тудыра берсе деген тілек оқырман жүрегінде.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы».
Арал және Қазалы аудандарынан



● ДҮЙСЕНБЕК АЯШҰЛЫ – 60

Екі Дүйсенбек бар. Бірі – жұрттың бәрі білетін, тап осы күндері бұрынғылар «тал түс» атандырған төл мерейлі мерекесінің қамымен томпаң қағып жүгіріп жүрген, шаруасы шағын, көдуілгі жұмырбасты қарапайым пенде. Екіншісі – жұрт біле бермейтін, өмір өрнегі мен адам баласына ретсіз ашпаған Жан сырын өлең кесілінің өзегіне өріп, бауырына жасырған пенделіктен жоғары, «періште болмыстан» сәл-пәл төмен тұрған ерекше жаратылыс.

Ел танитын Дүйсенбек Қызылорда қаласында тұрады, қарапайым газет қызметкері, бұйырған нәпакасын Сыр бойынан теріп жеп жүр. Ал былайғы жұрт тани бермейтін шын Дүйсенбек қайда тұратынын, түбі қай қияға тұрақтайтынын, шыр көбелек айналып шырыл қакқан шыбын жаны неден тоят табатынын өзі де білмейді. Бұл жолы, қолдан келгенше сол, бізге таныс әрі бейтаныс, мәтін қалқасындағы Дүйсенбектің жүрегіне тыным таптырмай түртпектей беретін өлең жайын сөз етсек пе дейміз.

Дүйсенбек достың аңғал-саңғал көңілі, ашық-тесік өмірі, кәсібіне сай нәсібі, осыған дейін қандай бейнет көргені, жанынан артық көретін еліне бермегі мен бергені, салдық дәуірі сайын дала төсінде қалған «сухой серілігі», тұрқы шағын болса да мінез бітімінің ірілігі, кейде тіпті араб, парсы, үнді халқының жауһары «Мың бір түннің» өзін жолда қалдыратын, ізнен құйын тұрғызған түрлі хикаят пен соған кереғар тым нәзік лирик болмысы жайында, бұйырса келесіде, кезеңі жетіп кезегі келген сол бір шақта күркіретіп айтып, бұрқыратып жазға жатармыз.

Жалпы, дүниетанымы хақында қанша айтқанмен, шегіне шығу мүмкін емес қой. Кім болса да, қамшының қысқа сабындай тіршіліктің өмірлік ұстын – өзіндік дүниетаным шеңберінің қалыптасуына әуелде «мына жағдай себеп болып еді» деп тап басып ажыратып бере алмайды. Бұл – жылдар бойы ой көкжиегінде саналы һәм бей-саналы түрде шорланып бітіп, ақыры болмысқа толайым әсер ететін жиынтық қасиет. Көптің білетіні соның ақырғы салдары ғана. Көзге көрініп тұрған жалғыз айғақ болған соң, айналып келіп соны қаузау беруді әдетке айналдырғанбыз.

Дүйсенбек дүниетанымын ғылыми шарттылық аясында қарастыруға да болар еді. Олай етуге, көзі тірі ақынның тынысын тарылтып алатын болды. Шынтуайтына келгенде, дүниетанымға қатысты танымдық нұсқа аясында көңіл көкжиегін айқындайтын қанша айырық болса да, айналып келгенде қандыауызға ілігер тұсы ортақ. Философ Жан-Поль Сатрдың сөзімен айтқанда «Кісінің «Мені» қандай болса, дүниетанымы да сондай». Мифтік сана ыңғайымен дүниені сезім-эмоция әсерімен қастерлеу арқылы бейнелі қабылдау, дини мистика сарынына ілесіп құлшылықпен ұлықтау, фәлсапалық логикаға сүйене отырып таным көкжиегінен өткізу – сөз иесінен шетін ерекшелік емес. Мұның ең қарапайым түсіндірмесі «Алла қойды бөле қырыққан жүнге жарымайды!» дегенге келіп саяды. Анығы да, ақиқаты да – осы!

Міне, менің алдымда Дүйсенбек Аяшұлының Сыр бойы «Қаламгерлер қауымдастығының» төрағасы Аманжол Оңғарбаевтың демеушілігімен жарық көрген өзі тәрізді жұқалтан жинақ жатыр. Көкіректен әлсін-әлсін өніп тұрған көзді бұлақтай бұрк-сарқ кайнап, лықып келіп тұрған шырын сөзді шырайын шығарып, том-том етіп төгіп тастауға келгенде кекірілігі қысып, мойны жар бермей тұратын бұл жалқаулық дегенді қойсаңшы. Ең болмаса публицистика жанрына құрмет есебінде, алты қырдың шыңына екі қолға қос кітап ұстап көтерілуге де болар еді ғой. Жоқ, орын таппай қалғандай өзі шағын жинақтың соңына макалаларын топтастыра қойыпты. Әулие тап Қожанасыр көкендей болмасаң, бүйтер ме едің?!

Негізі, біздің Дүйсенбек әлем әдебиетінің аужайын бір кісідей шырамытатын қазақ. Ондай телегейлігі жағынан, ақыл-ойдың алаңы – шатыраш шахмат тактасында өзін еркін сезінетін, қырынан қарап тұрған аттың фигурасынан емес, Қадыр ағасынан айнамайды. Қаламгердің көркем, публицистикалық туындылары, сан түрлі тақырыпты терең талдаған журналистік пайымдары мен эсселері өз алдына бөлек талдауды қажет етеді. Өйткені оның оқығаны мен зергеше тоқығаны тәжірибеде үнемі таразы барсын тең ұстап тұратынын бөліп айтпасақ болмайды. Сөз өнерінің сөлін алып, мөрін меңгерген, қай тақырыпқа салсаң да ескекті қара қайықтақ қай-



Болжаиды ақын ғана келер күнін

(Д.Аяшұлы. «Жұлдызым жоғары». Қызылорда, «Тұмар», 2022)

қандай жөнелетіні өз алдына, бастығы айтқан кей тапсырмаға қырсыздау болғанымен, көтерген қоғамдық мәселеге ерекше жауапкершілікпен қарайтын мұндай маман көп емес.

Алдына шығып тартып, тұсыртқан итеріп, үнемі түртпектеп, жетелеп отырмасаң желдей есіп отыратын желдімәй Дүйсенбек жоқ. Бой жасырып жүре беруге бейіл, мінезі ескінің жібегіндей есілген бұйығы дос өрнекті өлеңге келгенде қамшы салдырмайды. Жинақтағы Қызылордаға ниеттелген алғашқы өлеңінен-ақ «Мен болам қара талың өрт ораған» деп ақындық «Мен» тегісініп тұр. Сөзінің әуелінен бастап орқояндай ойқақтап, әр шумағынан құйын тұрғызып, тармақ сайын өрт шығарып отырмаса ол сүлей Дүйсенбек бола ма?!

Өлеңмен қатар қойып егіз әліптөуге болатын, бейне жасау жолдары етене саланың бірі – кескіндеме ғой. Шеберіне қарай сәтті һәм сәтсіз шыққан кез келген қылқалам туындысын ойланбастан поэзия қатарына қосып жіберуге болады. Сол сияқты, әр картина өзегін көктеп өткен ой өз алдына өлең. Тап соның өзіндей болмаса да, соған сұранып тұратын өрнекті сөзбен өрілетін тақырып атаулы дүниені бейнелі қабылдау үдерісінен туындайтын дүниетанымдық пайымдар негізінде өрбитініне ешкімнің таласы бола қоймас.

Кескіндеме өнеріндегі картина геометриясы мен оны қабылдау, бояу мен түс тақырыбына ерекше мән берген белгілі физик-механик Б.Раушенбах «Пространственные построения в древнерусской живописи» атты еңбегінде бейнелеу өнеріндегі кеңістік ауқымын арши түседі. Бұл тұрғыда ғалымның жалпақ жұртқа ұсынған нысанды суреттеу әдістері (тізбекті, қатар, керпі) арасындағы образды тую әркімі тірліту – перцептив тәсіл ерекше ден қойғызады. Көркем әлемге жанасқан кез келген сөз иесінің ниетті мақсаты көздеген нысанына жан бітіру ғой. Олай болса, ғылыми айналымға кескіндеме һәм психология арқылы келсе де, өлең талдау тәжірибесіне толық сіңісе алмай, босағадан сығалап жүрген осы ерек әдісті Дүйсенбек әлеміне қолданып көрейік.

Өлеңді әркім өзі үшін жазатын шығар ғой. Десе де, өзгенің көңіл пернесіндегіні таппаған көрікті сөздің бәрі өлең болып жарытпайды. Біз аспан асты, жер үстіндегіні ой өлшем арқылы алдымен «жанды» мен «жансызға» бөліп алып, соңыра кесімді үкім шығарып «өлдіге» санап жүрген қай нәрсеңіз де шын мәнінде «өлі» екеніне алдымен дәлел-дәйек керек. Оның түйіні Абай айтқан «Мені» мен «менікінің» айрылғаны» жүйесіндегі дүниетаным қисынына қатысты үзіліп түскен тылсым сырдан көрінеді. Сүйелер нәр алған тұмаға ұмтылған дүр Дүйсенбекше пайымдасак, «Айналдырған ой ұршық» арқылы өмір жібін өретін өлең тылсымның бұл байламымен келіспесе бол-

майды. Ол нені айтуға бекінсе де, астарына осы астыртын келісім ілесіп, айдарынан жаңға жайлы жел есіп отырады.

Жинақты бастап тұрған алдыңғы қатардағы мына өлеңге көз жіберіп көріңізші. Тақырыбы: «Өлеңіме өтініш». Жыр мәтініндегі сұрағы мен жауабы қатар өрілген «Бейнелеу мен кейіптің, / Құр сөздегі құны не? / Бағзы күнгі бәйіттің, / Жалғанайым тініне» деген шумақ арқылы ол қай өлеңіндегі болсын, басты ниеттің түп төркінін көрсетуге тырысады. Ескінің өзегіне жалғану – ілкі дәнекерлерге тән. Өмірде өлеңнен басқа түгі жоқ ақынның «іші басқа, сырты бөлек». Бір кеуделе екі адам. Бұл тарапта өзі де «Мені екіге бөлген кім?» деп танырқайды. Табиғаты жағынан әлгі екеу бір-біріне кереғар. Оның себебін өзі міңсіз болудың айласын табу үшін мұңсыз болып көрінген кездерінің ішкі бауына байлапты: «Мінсіз болу мүмкін бе?» деп, / Мұңсыз болып көргенмін. / Ішім басқа, сыртым бөлек, / Мені екіге бөлген кім?»

Дүниенің үр дидарын ұлықтап, мінберін теңестіріп, қысқа өмірдің қисасын жырлаған шайыр «...Өлеңімнен сырласарсыз жакын кеп. / Мені артына тастап кетті көп жаксы, / Ерте өлуге хақым жоқ» деп күрмейді, «Өмір қысқасы» аталатын сол қатардағы тағы бір өлеңін. Олай дейтіні, өзін аманат арқалаған жан сезіндіретін ілкі түйсіктен болса керек. «Саналыға сөз қалдыру мұратым» деген сыңар жолдан осы ниетті анық аңғаруға болады.

Арғы атасының «көзін көрген» кәрі жынмен оңаша сырласатын «Жұлдызым жоғары» өлеңінде ол шайырларша от шарпыған сезімге берілуден гөрі, қас ғалымға тән суық әрі сергек тұжырым жасай келіп, өзін құдайсыңған ойлардан сақтандырып, аузынан шыққан бал бөлізге де қарауыл қоя сөйлеуге үндейді. Ал жансыз табиғатты тірілтіп, кескіндемеге көшірген мына сыңар жолдағы «Ұлып соғып ұзап кеткен бөрі қыс» бейнесі немесе «Көк трактор күрік-күрік жөтеліп» деген жолдағы адам бейнесінен техникаға көшірілген әліптөулер сана түкпіріндегі түрлі әсерлер әлемімен астасқанда, оқып отырған жанның қиялын қиыстырған мың сан өрнекке жан бітіп, өлі табиғат пен безерген жансыз техниканыңда тамырына қан жүріп, статикалық бейнелер мәңгілік құрсауынан шығып көз алдында қайта

тіріліп, тұмса дүние дүр сілкініп ісіне бастайды.

Әрине, бұл сөз иесі мен оқырманның ортақ тілде түсінісіп, бір тақырып, егіз ұғым аясында сөйлесуі емес. / Бұл айда екі адам көзге таныс нысанды көре тұрып, мүлдем екі басқа ойды тұспалдауы бек мүмкін. «...Ісімді әке-шешем туырлаған. / Жұма сайын мешітке жүгіремін, / Жүрегімді қайтейін жуынбаған» дейтін шайырдың санасын кеулеген тұманды ойдың арасынан әйгілі Грек мифологиясындағы алып күш иесі Гераклдың өзі тазарта алмайтын Алфей алқабындағы Авгий патшаның атқорасындай халдің өзін жыға танып, ажыратып болмайсың. Ол оның бәрін өлеңнің астарына «... Жаппаймын есігімді ерінгенде... / Серік бола саламын көрінгенге» деп асқан шеберлікпен, жымын білдірместен жасырып жібере салады. Сөйтесі де, оқырманға өз дүниетаным жайында ой қорытуға мүмкіндік береді. Міне, осы, автор мен оқырман арасын көктеп тұрған екіжақты үдеріс оның поэзиясында перцептив тәсіл арқылы шешім табады.

Сөзіміздің әуелінде тілге тиек еткен бұл әдіс «перцептив цикл» деген термин күйінде психологияда қолданылады.

бейнесіне еніп кетеді. Шын мәнінде солай ма? Анық бейкүне сақилықты сүйетін ол «Сыйлық» деген өлеңінде «Қол беріп арғы атама төре барған, / Бергі атам мың жылқыға еге болған. / Бұл аған түс көргенде, аян беріп, / Көген алмай, әулиеден өлең алған» деуіне қарағанда, арғы түбі тылсым тұңғықтармен ұштасқан мұғжизалы абыз ерлерге барып иек артатынын байқауға болады. Ол ерекше күйді ажырату үшін тағы да сол дүниетаным мәселесі мен ақынның қарапайым дүнияуи тірлігінің арасын саралап, салмақтай түсу қажет. Бір кеудедегі екі түрлі кептің ақиқаты сонда ғана өзіндік бет-бейнесін көрсету үшін мифтік маскасын түреді.

Кейде ол, шын мәнінде, екі адам кейіпне қатар өтіп кетуге болатынын тұспалдайды. Соған қарағанда, ой әлемінде «ұшып», қиял жетпес қияларға оп-оңай «барып-келіп», іле-шала дым білмегендей момақан күйге еніп, Қалдығұл жеңгейдің құйған қою шайын сораптап отыра беретін болса керек. Әйтпесе жайдан-жай «...Бабамның тастап кеткен сөз сүйегін, / Кеміріп бір аш адам шімде отыр» демес еді ғой. Бұл ешқандай да алдамшы сезімге негізделген қисық айна

Тарих атасы Геродоттың «алғашқы ақынның есімі Өлең екен» деп болжам жасағаны есіңізде шығар. Сол әулие Өлең өзіне өмір сыйлаған аяулы шайырының ақ жуып, аруаған мүрдесін әділдеп, кеудесіне үрлеп «жансалғаны» өлең тіліндегі өрнекте сондай сұлу көрінгенімен, суретке айналған сайын жүректі мұз қары береді. Мұнан кейінгі күйі тіпті алапат: «Адамдай-ақ ауылдан кеше кеткен, / Мәңгілік мекеніне бір түнген». Уақыт пен кеңістік өлшемі біз ойлағаннан мүлдем бөлек, әрине. Бақида жылға санап жүрген мерзім бәлкім бір күн, тіпті бір минут. Шайыр тұспана арқылы ақиқатқа тартылған тылсым арасынан соны ажыратып, ерекше күй сазындай сезінген. Сол үшін де ол ауылдан кеше кеткен адамдай қабірінен оңай түрегеліп, басына келген қаралы бейбақпен қамсыз қауышатынына бек сенімді. Әрине, мұның бәрі болған, болатын және болуы мүмкін нәрселер.

Былай қарасаң, қосүрей біреудің тіл ұшындағы сандырағы дерсің. Поэзиядағы осындай ерекше иірімдерді мәдени дәуірлердің ауысым аясындағы постмодернизм ұғымына тиесілі көзқарасқа жығып, әңгімеауанын сол жаққа оңай аудара салуға әуестер көп. Ажалмен бетпе-бет келіп, аң ұратын газиздердің тұмырбаянында көбіне сол, бір кезде «болжап» айтқандары айна-қатесіз келетінін айғақтайтын мысал көп. Мен өз басым мұндай нәрселерді марқұм Есенғали Раушанов өлеңдерінен көп кезіктірдім. Көптігі сондай, бұл саладағы ғылым жетік жетістіктің өзі бір керуенге жүк болардай. Біз сол ыңғайдың денінде құрғақ теорияға сүйенбей байлам жасай алдық па? Теориясыз да, медресе көрмей-ақ, ет пен сүйектен жаралған пенде осы ақиқатты, ерекше сопылық хәлді өлмей тұрып сезіне алуы мүмкін емес пе еді?


Мүмкін болғанда қандай! Оның сыры мына түйінді шумақта сияқты: «Тіршілік – кіндік тұстан төменгі мұң, / Өмірден биік қойдым өлең құнын, / Болжайды ақын ғана келер күнін, / Біледі Алла ғана менен бұрын». Ой, сабадзың баласының төгілдіре сілтеуін қарашы. Иә, бір оқығандағы әсерге ерік берсен күнір сөйлеудің көкесі деген – осы! Бірақ бұл ұғымның саналы өмірін өлеңге арнаған, тынысы түсініксіз тылсым әлеммен астасып кеткен ерек жаратылыс – шын шайырларға қатысы қаншалықты болуы мүмкін? Қатысы бар да шығар-ау, бірақ әзірге оны мойындап тұрған біздің Дүйсекең жоқ. Айтты – бітті, тасқа таңбалағаны Тәңірге аян. Өзі айтқандай-ақ, ақын тек келер күнін болжайды, ақиқатын Алла біледі! Мен өз басым мұнан құпиялықтың көлеңкесін де көре алмаймын.

Осы өлеңнен кейін құныға оқып келе жатқан жинақтың қалған парақтарын жаба қойдым. Әрі қарай оңсыз да түсінікті еді. Оның үстіне Дүйсенбек дос «Жүректің жібек түйсі» деген бөлімнен бастап «Ақын қыз, Әсел қыз, әсем қыз...» деп, оның бұрын неге жолықпай жүргенін айтып ашылып, шашылып, қызыл тілі салақтап, екі көзі алақтап, «Оң жаққа, біресе сол жаққа...» Алысқа әкетер жол жаққа» далақтап, қыз-қырқын қуалап жөніне кетіпті. Бұл енді таза, өзіміз танитын, өмірдегі Дүйсенбек. Ағалық жасқа келген арда шайырдың поэзиясынан іздегеніміз оның дүниетаным мәселесі болатын. Шығармашылық шымырын шағын аяда шектеудегі әуелгі себепте осы еді.

Адамзат баласы жүріп өткен шұбалаң тарих жолында «Құдай» бейнесін қолдан жасап ала берген кездерде болған. Соның бәрінде адам мен табиғат, кейін тіпті Жаратушыға қатысты ұғымдар арасындағы тепе-теңдікті сақтауға ұмтылған, сол арқылы табиғат мінезін адамға, керісінше, адамға тән қасиет пен бейқасиет түрлерін жануардың мінезіне айналдыру архаикалық дәуірде әуелі дәнекерге, кейін келер күнді болжай алатын сөз иесі – ақынға жүктелген ерекше міндет.

Әуелде дін атаулының негізіне айналған қорқыныш пен үрей кейін белгілі бір дәрежеде табиғат аясында өзін қолайлы һәм қолайсыз сезіне беретін жан иесіне көшті. Қалай десек те, ескі жалды жақтаушы ақындық элита осы астыртын тепе-теңдікті ерекше сезіне білді. Сөзіну күші әлі де сол зар күйінде. Құдіретті Құдай осындай түйсікпен жарылқаған біздің Дүйсен дос, келер күнді болжай алатын бірегейлер сана-тындағы Дүйсенбек бізге тап-таурын қағидалардан қашық, ешкімге ұқсамайтын сол бұла болмысымен қымбат.

Берік ЖҮСІПОВ,
фольклортанушы





28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің күні

Радиожурналист Ыбырай

Облыстың радио журналистері хақында әңгімелегенде бар шығармашылық қызметін осы салада өткізген Ыбырай Әлжановқа тоқталмай, ол жайлы бір ауыз сөз қозғамай кету мүмкін емес. Алғашқы еңбек жолын Арал аудандық «Толқын» газеті редакциясы жанындағы аудандық радиобабырын ұйымдастыру бөлімінде бастаған Ыбырай өмірінің соңына дейін облыстық телерадио компаниясында қазақ редакциясының бас редактор қызметінде болды.

1960 жылдары №21 Қамыстыбас орта мектебінде Ыбыраймен бірге оқыдық. Ол бізге Бекбауыл сегіз-жылдық мектебінен келіп қосылды. Ауылдан білім қуан жас түлектердің бірі болып, сол кездегі астанамыз Алматыға аттанып, еліміздің маңдайалды жоғары оқу орны С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне оқуға түсті. Сонда жүріп Атыраудың ару қызы Кәмиламен кездесіп, отау құрды.

Облыстық телерадио компаниясына ауысқан жылдары қолында үлкен қара чехмоданы – репортеры бар Ыбырай іссапарға шыққанда үйге келіп кететін. Сырласып, әңгімелесеміз. Менің арманым – газет журналисі болғандықтан, сол кездегі облыстық «Ленин жолы» газетіне ауысу.

– Сен облысқа келгін келсе, алдымен Сырдарияға кел, – деді. Онысы «Сырдария» ауданының орталығы Тас-бөгеттен шығатын аудандық «Сырдария» газеті болатын. Бір жылдары Ыбырайдың сол айтқаны келіп, «Сырдария» газеті жанындағы аудандық радиобабырын ұйымдастыру бөліміне қызметке келгенім бар. Сөйтіп жүріп 1989 жылдың басында облыстық радиокomiteетке шақырылып, соңғы хабарлар редакциясында аға редактор болып, Ыбыраймен бірге жұмыс істедім. Менің қасыма университетте бірге оқыған Айғанша Ысқакова бар. Ыбырай мән-жайдың

бәрін айтып түсіндіріп жатыр. Мұндағы ең қиын жұмыс соңғы хабарлар редакциясында екен. Елден бұрын келіп барлық аудандық газет редакцияларына телефон соғып, олардан жаңалықтарды жинайсың. Осындайда бас редакторымыз Ыбырай келіп: – Қалай, соңғы хабарлардың дайын ба, уақыт кетіп барады ғой, – дейді. Мен болсам жанталасып жатамын. Қараймын, Ыбырай баяғы досым емес, «тездет, тездет» деп көзі шатынап тұр. Жан екпін соңғы хабарлардың материалдарын жинақтап, дәрежесіне қарай реттеп, Ыбырайдың қолына тапсырып, отыра бергенімде, телефон шырылдайды. Тұтқаны көтерсем Ыбырай: «Маған келші» дейді. Қолында менің материалдарым, кейбіреулерінің беті айқыш-ұйқыш. Ауызында насыбай, шырты түкірініп алып: – Жұмабай, бұл сенің газетің емес, бұл – радио.

Әрқайсысының өз стилі, өз мәнері бар. Газеттегі соңғы хабарларды әркім өзі оқиды. Ал бізде мұны тек диктор оқиды. Газеттегідей емес, радиода сөйлем қысқа, айтар ойың нақты, сөздерің жеңіл болуы керек. Диктор оқығанда сөйлемдерінде әдемі әуен, әсем ырғақ шығуы шарт. Ал сенің мына хабардағы сөйлемдерің шұбаланқы, сөздерің қасаң, оқығанда тілге қатты тиеді. Мына хабарыңды қайта қарап шық, – деп өзінің көңілінен шықпағандарын қолыма қайтарып берді.

Мен облыстық радиода жұмыс істеген осы жылы



Кеңес одағы коммунистік партиясының кезекті съезі өтіп, оған облысымыздың белгілі дәрігері Тұрғанбай Маханов делегат болып қатысты. Ыбырай өзінің бұрынғы тәжірибесін пайдаланып, менің әр хабарымда Тұрғанбай Махановпен хабарласып, съезд күндерінен хабар беріп тұруыма көп көмегін тигізді. Ертеlette келіп Мәскеудегі қонақ үйдің телефонына хабарласып, Тұрғанбай Махановтың дауысын өз микрофоныма жазып аламын. Сөйтіп съезд аяқталғанша оның жұмыс барысынан үзбей хабар беріп тұрдым. Соның нәтижесінде соңғы хабарлар редакциясы жұмысы бұрынғыдан да жанданып, жақсы бағаланды.

Ыбырай Әлжанов облыстық радиого мен сияқты жанадан келген қызметкерлерге ақыл-кеңесін беріп, тәрбиелеп, радио журналисі

болып қалыптасуына көп көмегін тигізді. Солардың бірі ақынжанды азамат Бексейіт Шайланов болатын. Ол Ыбырайды ұстазы санап өтіп, ағалы-інілі болып, сыйластықта жұмыс істеді.

Ыбырай Әлжанов нағыз радио үшін жаралған жан еді. Ол ауыл шаруашылығынан, өндірістен, мәдениеттен қаншама құнды радиоре-портаж, радиоочерк, әңгіме әзірлесе де, оның бірде-бірін газетке берген емес. Осы жайлы айтқанымда «Мен радиожурналиспін ғой» дейтін.

Міне, менің қолымда Арал аудандық «Толқын» газетінің 1965 жылдардағы санының бір қиындысы тұр. Мұнда Ыбырай Әлжановтың «Менің правом» деген публицистикалық жалынды материалдары жарық көріпті. Оқып шықтым. Ойы ұшқыр, сөзі көсем, 20-дан асқан жалын-

ды жастың жан тебіренерлік толғауы жүрек толқытады.

«Менің үнім эфирде саңқылдап, көкте қалықтайды. Ол үн – Жер шарындағы бейбітшілік пен бостандықтың баянды болуы туралы сыр толғайды. Ол үн – күн сәулетті советтік Отанның тасқынды табысын, ғажайып жаңалығын, аршынды адымын, жаны жаз адамын, сәбидің күлкісін, ананың қуанышын паш етеді. Ол үн – дауылмен айкасқан, боранмен алысқан, еңбек ерлерінің ерлік ісін мадақтайды. Сәулетті қала, алып құрылыс тұрғызған Отанның ұл-қыздарының қайтпас қайсарлығын, болаттай мәрттігін, алмастай жарқылған жария етеді: Бұл – менің правом».

Ыбырайдың осы толғанысынан-ақ оның таза радиожурналист екенін айқын аңғарасын. Осы жылдары облыстық телерадио компаниясының төрағалығына ұжым ішінен балама кандидат даярлау міндеті қойылды. Оған конкурс жарияланып, Ыбырай Әлжанов комитет төрағалығына балама кандидат болып тіркелген болатын. Бірақ, Ыбырай өзі аңсаған арманына жете алмады. 1990 жылдың басында 40-тың қырқасына шыққан шағында өмірден өтті. Оның артында жары Кәмила, Қожамұрат, Төремұрат, Ғалымбек, Мейрамбек, Жарқынбек және Ләззат есімді ұл-қыздары қалды. Бүгінде олар үйлі-баранды болып, Нұр-Сұлтан, Төретам, Қызылорда қалаларында алуан салада еңбек етіп, өмір сүріп жатыр.

Бір кездері облыстық телерадио компаниясында жұмыс істеген жылдарымды еске алсам, репортеры қолынан түспейтін радиожурналист Ыбырай Әлжанов бейнесі ойыма осылай орала береді.

Жұмабай ЖАҚЫП,
Қазақстанның құрметті журналисі
Арал ауданы



Жеңісбек Мақсұтұлы – біздің басылымның авторы әрі тұрақты оқырманы. Оймақтай ойын қағаз бетіне түсіріп, редакцияға жолдап отырады. Ізденімпаз жанның жазған-сызғаны сәтті шығатыны сонша, өзге оқымандар да пікір білдіріп жатады. Жиырма жылдан бері ата басылымның айнымас досына айналған ақсақал биыл сексен жасқа толды. Мерейтой іесінің жағдайын сұрап, арнайы іздеп бардық.

Сb Гүлбану МАҚАЖАН,
«Сыр бойы»

Ата басылымның айнымас серігі



Расында, қария – нағыз қазынаның өзі. Газетті оқып қана қоймай, ондағы жарияланған әрбір тарихи дерек пен қызықты мәліметтерді жинақтауға әуес. Бұл әрекет қарияның хоббиіне айналып үлгерген.

– Газет – өткен шақ, бүгінгі күн, болашақ. «Сыр бойы» газетінен бастап аймақтан шығатын бірнеше басылымды арнайы оқимын. Жинақтап жүрген деректерді бір зейінді бала кәдесіне жаратар деген сенімдемін. Себебі газетте уақыт тынысы бар. Оны бағамдау, байыптау қай кезеңде де өзекті, – дейді қария. Бір балаға емес, мың балаға рухани азық болар дүниені сақтап отыр.

Ақсақалдың үйіндегі том-том газет қиындысында бәрі бар. Бәсекеге қабілетті елдер тізімі, дүниежүзінің алтын қоры, әлемдегі байлар мен олардың табысы туралы деректер, тарихи мәліметтер, қазакты басқарған зиялылар мен кеңес министрілері, тенгенін тарихы, діни ағымдар, Сырдан шыққан ағартушылар... Бәрі сақтаулы тұр. Тіпті кешегі пандемия уақытындағы ахуалды кестелеп, диаграммасын жазған. Бірнеше қалың дәптерді толтырып қойыпты. Газетті оқып отырып, көңіліне қонған оқиғаларды түсіріп қойса керек. Қазақстан барыстары, латын әліппесі, зейнет жасы, жәрдемқылар туралы деректер де қалыс қалмапты.

Ол жиырма жасынан кітап жинауға әуестенген. Жеке кітапхана-сында қазақ әдебиетінен бастап, тарихи кітаптар толып тұр. Бәрін дерлік оқып тауысқан. Тек әлем классиктерінің кейінгі аударылған еңбектеріне бойлай алмағанын жасырмады.

Жеңісбек Мақсұтұлының мамандығы – гидротехник. Уақытында су шаруашылығында жемісті еңбек еткен. Қызықты хоббиі мамандық білімге жақындатып, қоғамдық өзгерісті аңдауға итермелеген.

– Газеттен соңғы тағайындауларды оқып отырмын. Көбі гидротехник мамандығын бітірген азаматтар екен. Қуанып қалдым. Аймақта су мәселесі өзекті болып отыр. Қала орталығын айтпағанда, қаналық жакын жатқан шет аймақтарда аяқсу жоқ. Бұл тұрғыда лауазымды қызметке келген мамандар елге жанашырлық танытады деп сенемін. Сондай-ақ бүгінде жастарды техникалық мамандықтарға оқытуға көп көңіл бөлінуде. Білім гранттары да көбейіп жатқаны қуантады. Мұның бәрі әлеуметтік ілгерулетке әкеледі, – дейді ардагер.

Журналистика саласымен етене араласып жүрген ардагер «кезінде одаққа мүшелікке өте алмады» деп әңгіме арасында айтып қалды. Тұрақты автордың арманы орындалуда. Журналистердің төл мерекесі қарсаңында ол одаққа мүше болмақ.

Айта кетейік, кейіпкеріміз 1942 жылы 20 маусымда Терөзек ауданы, Қызылөзек ауылдық кенесінде дүниеге келген. Бүгінде еңбегінің зейнетін көріп, екі ұл, бір қыз тәрбиелеген. Немерелері де білімге құштар. Әсіресе, Ділназ атасына жақын. Газет оқыса да, жазу жазса да қасынан бір елі қамайды. Атасының өсиетін тыңдап өсіп келеді. Зиялы адамның қалыптасуына отбасы, ортасы әсер ететінін ескерсек, Жеңісбек ақсақалдың шаңырағында әлі талай өнер-білімге құштар өрен өсері анық.

Өткен жылдың соңына қарай Сыр өңіріндегі ақпарат құралдарының тарихын тұңғыш рет толыққанды зерделеген еңбек – «Сыр журналистикасының тарихы» атты бестомдық жарық көргенінен оқырман хабардар. Халықтың рухани-мәдени өмірінің айнымас бөлшегі, ой кеңістігін дамытушы әрі қоғамдық сананы оятушы күш болған басылымдар тарихы, электронды ақпарат құралдарының өсу жолы, жаңа медианың бет-бейнесі сипатталған көптомдықты парактағанда бір гасырдың бедері көз алдыңызға келеді.

Өткен аптадан бастап бестомдықтың жалпы редакциясын басқарған «Сыр медиа» ЖШС бас директоры А.Оңғарбаев шығармашылық жұмысшы топпен бірге Сырдария, Жаңақорған, Шиеді, Арал және Қазалы аудандарында болып, оқырмандармен жүздесті. Мақсат – ардагер қаламгерлерді кәсіби мерекемен құттықтап, құрмет көрсету. Осы ретте олардың Сыр журналистикасындағы еңбектері айтылып, бестомдық жинақ тарту етілді. Біз кәсіби мереке қарсаңында осы еңбекті жазушылар зерттеуіне арқау болған, тарихқа қатталған оқиғаларға тоқталуды жөн көрдік. Сөйтіп қазақ журналистикасына қосылған сүбелі дүниенің тағылымына тағы бір рет бойладық.

Сb Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,
«Сыр бойы»

Кеңістікті кеңейткен көптомдық

Қызылорда астана болғанда

1925 жылы астананың Қызылордаға қоныс аударуы халықтың рухани өміріндегі серпіліспен ерекшеленді. Сол жылы жазда республикалық басылымдардың барлығы осында көшірілді және 1 қазандағы мәліметтерге қарағанда газеттер саны 31-ге жеткен.

Негізгі Қызылордада қаланған басылымдардың бірі – «Ауыл тілі». Бұл басылымды тұңғыш салалық газет деп айтуға болады. Төрт беттік газет шаруа жайын, барымта, ұрлық мәселесін, ағарту, денсаулыққа қатысты тақырыптарды қозғаған. Партиялық тексерістің бір есебінде басылымның партия саясаты туралы аз жазатыны, 1916 жыл туралы материалдың көптігі сынға ұшырапты.

Түп бастауын «Тендік» газетінен алатын «Йейл тендігі» журнал болып алғаш рет Қызылордада жарық көрді. Кейін «Қазақстан әйелдері» атанған журнал содан бері нәзікжандылардың төл басылымына айналды.

Денсаулық мәселелеріне арналып жарық көрген «Денсаулық жолы» журналында тазалық, жас бала күтімі, жүкті әйелге ақыл-кеңестер, жұкпалы ауруларды таратпау жолдары насихатталды.

Әйгілі «Жұлдыз» журналының «Жаңа әдебиет» атауымен оқырманға тара-ла бастаған уақыты да осы кезеңге сәйкес келеді. Онда тарихи-танымдық зерттеулер, Абай шығармаларын талдаған ұлт зиялыларының, әлем классиктерінің шығармалары жарияланып тұрған.

Қызылордада тұсауы кесілген баспа құралдарының қатарында қазіргі «Қазақстан мектебі» («Жаңа мектеп»), «Жаршы», «Жыл құсы», тағы басқа басылымдар бар.

Бестомдықтың тың деректері

«Сыр журналистикасының тарихын» жазу ба-рысында табылған тың деректердің бірі «Сыр бойы» газетінің алғашқы редакторына қатысты. Жылдар бойы газеттің алғашқы редакторы Жиенғали Тілебергенов деп жазылып келді. Бірақ журналист Әбу-Сәлім Жаманқұловтың архивтен тапқан деректері 1929 жылдың 4 маусымы күнгі оқиғаны алдымызға жайып салды. Сол күнгі бюрода округтік комитет органы ретінде қазақ тілінде газет шығару туралы мәселе қаралған. Қабылданған қаулыда аптасына екі мәрте газет шығару, оған жауапты редактор ретінде Калюковті бекіту туралы жазылған.

Журналист Ә.Жаманқұлов тапқан деректерді Ресей Федерациясы мемлекеттік кітапханасынан келген құжаттар растады. Газеттің алғашқы нөміріне Батырғали Калюков жауапты редактор ретінде белгіленген.

Ресейден алдырған құжаттар арқылы басылымға алғашқы жылдары қол қойған, редакторлар есімі анықталды. Олар – М.Гатауллин, Г.Сағатов, Ж.Орманбаев, А.Суменов, А.Тоқмағамбетов, Қ.Сарбасов.

Жалпы «редактор» сөзі газетке 1940 жылдары енгізілгендіктен, оған дейін бұл қызмет «жауапты шығарушы» деп аталған екен. Оған қоса аудандық басылымдарға редактор болған, бірақ аты аталмаған кісілердің деректері жүйеленді.

Тарих қатпарында

Аймақтың ақпарат айдынында желкенін керген барлық газет-журнал, телеарна, радио мен сайттар туралы деректерді тіркетеп жинап, сабақты жібіне дейін түгендеуге тырысқан құрастырушылардың еңбегіне көптомдықтың тұсау-кесерінде жоғары баға берілгеніне куә болдық. Осылайша әр өңір өз тарихын түзіп шықса, тұтас қазақ журналистикасының өткені



туралы толыққанды дүние жасалар еді.

Сыр бойы журналистикасында елеулі орны бар, ұзақ жылдар бойы мамандар ұстаханасы болған облыстық радио туралы, онда жұмыс істеген тілшілер жайында бұған дейін жарияланған мақалалар мен түсірілген деректі фильмдер 90 жылдық тарихы бар бұқаралық ақпарат құралы үшін жеткіліксіз еді.

«Сыр журналистикасының тарихында» осы олқылықтың орны толтырылды. Облыстық радио арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырылып, оның құрылуы, қалыптасуы, дәуірлеу жылнамасы жасалды. Әр аудандағы арнайы радиожүйелер, радиобабыр ұйымдастырушылар туралы толыққанды деректер бір жерге топтастырылды.

Көптомдықтың тағы бір жаңалығы – 1990 жылдардан бастап жарық көрген тәуелсіз басылымдар тарихының тұңғыш рет жинақталуы. «Ұстаз үні», «Қызылорда таймс», «Нұр», «Тіршілік», «Халық», «Самала», «Ардагер айнасы», «Кәсіпкер келбеті», тағы басқа газеттер, «Сырдария» альманағы, «Жарасымды жанұя» журналы сияқты басылымдар туралы толыққанды ақпарат осылайша тарихқа қатталды.

Ол кісі 1971-1975 жылдары облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып қызмет атқарғанда Теренөзек аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып жұмыс жасадым. Әбекен басшымыз болды. 1972 жылы 17 қазанда аудандық комсомол ұйымының жетекшісі болып сайланғанымда, ол бір жылдай облыстық комсомол ұйымының жетекшісі болып үлгерген екен. Өзінің айтуы бойынша бірінші таныстығымыз төмендегідей болыпты.

«1972 жылы күзде Дина Садуақасованың Алматы Жогарғы партия мектебіне оқуға кетуіне байланысты Теренөзекке бірінші хатшы сайлауымыз керек болды. Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, іскер басшы Қонысбек Қазантаев резервте тұрған, дайындықтан өтіп, істе сыналған кадрдың бар екенін айтып, телефон шалды. Арнайы келіп танысуымды, әңгімелесіп, көрімімді сұрады. Қонекеннің кабинетінде отырғанда есік ашылып, ұзын бойлы, қағілез жіңішке кара кыз («қазір аппақ қой», – деп әзілдейтін) кіріп келді. Бірінші көріп тұрсам да, пікір алмасып, біршама уақыт әңгімелескеннен кейін, Қонекеннің таңдауы менің де көңілімнен шыққандай болды» деп еске алатын. Осы кездесуден бері 50 жыл уақыт өтсе де, сыйластығымыз, қарым-қатынасымыз ол кісі дүниеден өткенше үзілмеді.

Аманкелді Сейдалыұлы 1975 жылы облыстық партия комитетінің аппаратына ауысып кеткенше комсомол қызметінде бірге жұмыс атқардық. Жастарды халық шаруашылығының шешуші салаларына орналастыру, егін, мал шаруашылығында комсомол-жастар бригадаларын ұйымдастыру, жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу, кадрлық резерв дайындау, мәдени-көпшілік іс-шаралар ұйымдастыру сияқты жауапты да күрделі жұмыстарды жүзеге асырдық. Сол кездегі ка-

Біз, 70-жылдардың комсомол қызметкерлері сол кездегі замандастарымызды көрсек, жастық шақты еске түсіріп, көңіліміз шалқып, жасымыздың ұлғайғанын ұмытып, бір жасап қаламыз. Сондай жігерлі, қайратты, оттай жанып тұрған кезді еске түсіретін әріптестеріміздің бірі – Аманкелді Сейдалыұлы Құдайбергенов еді. Зымырап өтіп жатқан уақыт қатарымызды біртіндеп сиретіп келеді. Осыдан бір жыл бұрын сұм ажал ортамыздан замандасымыз Аманкелді Сейдалыұлын кенеттен алып кетті, бұл қаза жанымызға қатты батты.

Жақсының жолында ғибрат қалады

лыптасқан дәстүр бойынша Әбекен еңбек жолын қатардағы жұмыстардан сатылап өскен, бастауыш комсомол ұйымының хатшылығынан бастаған. Сондықтан да өз жұмысын жақсы меңгерген. Адамдармен қарым-қатынаста қарапайым, барынша ақкөңіл. Сол қалпын өмірінің соңына дейін сақтады. Комсомол қызметінде іссапарлар көп болатын. Сол кездегі Кеңес Одағының талай жерін араладық, шетелге де шықтық. Жанылықтарға қанығып, рухани өсіп, жаңа жігермен жұмысқа кірісетінбіз. Сондай іссапарлардан кейін Аманкелді Сейдалыұлы облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы ретінде өзінің де, біздің де көргендерімізді ортаға салып, жұмысты жаңаша ұйымдастыруымызды қадағалап отыратын. Қат-қабат тірлік атқарып, облыстық партия комитетінің тапсырмаларын орындау үшін егінге де, құрылысқа да, мал шаруашылығына да, әлеуметтік салаға да араласа жүріп, жақсы кештер өткізуге де үлгеретін едік. Қызылордаға келгенде ортамызға Әбекенді

алатынбыз. Облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшылығынан облыстық партия комитетіне жұмысқа ауысқанда 8 аудандық (ол кезде 8 аудан болатын), қалалық комсомол комитеттерінің бірінші хатшылары шығарып салғанымыз есімде қалыпты.

Бір-бірімізді күтіп жиналамыз деп жүргенде уақыттан ұтылып, енді жүреміз дегенде машинамыз бұзылып, кешігіп келдік. Барықыласымызды, ән-жырымызды, біімізді, жақсы сөзімізді Әбекенге арнадық.

Аманкелді Сейдалыұлы комсомолдан кейін партия, кеңес, шаруашылық қызметтерінде де абыройлы жұмыс атқарды. Жалағаш аудандық кеңесі атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары болғанда кездесіп тұрдық. Күріш фабрикасы атанған ауданда жемісті еңбек етті. Мен облыстық мәслихатқа хатшы болып келгенде Әбекен облыстық әкімшілікте қызмет атқаралы екен. Кабинеттеріміз қатар болды, жиі араласып, пікірлесіп тұрдық. Өзінің жеке мүддесінен қоғам мүддесін жоғары қойған, бармын деп



тасымаған, жоқпын деп жасылмаған азамат. Кейбіреулер сияқты дүние қумады, байлықтың ізіне түскен жоқ. Кісінің ала жібін аттамады, барынша қанағатшыл болды.

Қалыптасқан дәстүр бойынша бұрынғы комсомол қызметкерлері араласып тұрамыз. Біріміздің жақсылығымызға ортақтасамыз, өмірде кездесетін қиындықтарды жеңілдетуге тырысамыз. Жыл сайын 29 қазанда комсомол күнін атап өтеміз. Сол күні біздің жиынымызды сырттан біреу бақылап тұрса, қайран қалар еді. Алдымыз 80-ге, кейінгіміз 60-қа келген жігіт ағаларының көңіл-күйінің куәгері болар еді. Соның дәл ортасында Әбекен жүретін.

2008 жылы комсомолдың 90 жылдығы атап өтілді. Алдымен өзімізде, сосын Алматыда үлкен кездесу болды. Арнайы делегация барлық ортамызда Әбекен. Осы сапарда ішіміздегі ең салмақты да сабырлысы, сырбазы еді. Қатарластарымыздың ара-сындарына аға болды, үлкендікпен бірге даналық, көсемдік, ізет, қамқорлық жасады. Әбе-

кен жұбайы екеуі балаларды тәрбиелеп, оқытып, немерелердің қызығын көрді.

Комсомол, партия, кеңес, кейіннен әкімшілік қызметтерде қатар жұмыс атқарып, үнемі қатысып тұрдық. Зейнетке шыққан соң да үнемі байланыста болдық. 2011 жылы бұрынғы комсомол ардагерлері облыстық «Ұрпақтан ұрпаққа» атты қоғамдық бірлестік құрдық. Мақсатымыз – жас ұрпаққа өмірлік тәжірибеміз арқылы рухани жаңғыру аясында патриоттық рухта тәрбие беру. Ұлттық құндылықтарды, озық салт-дәстүрлерді насихаттау. Осы қоғамдық ұйымның ең белсенді қайраткері, басқарма мүшесі Аманкелді Сейдалыұлы болды. Он жыл бойы біз ұйымдастырған барлық іс-шарамызға бірінші болып келетін. Қолынан келген барлық көмегін беретін. 2018 жылы комсомолдың 100 жылдығында барлық аудандарда, облыс орталығында, Алматыдағы салтанатты іс-шаралардың барлығына қатысып, өзінің тілек-ойларын жас ұрпаққа жеткізді.

Былтыр 26-27 маусымда Қазақстан комсомолының 100 жылдығы аталып өтті. Ардагерлердің орталық кеңесінің шақыртуымен бұрынғы облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Аманкелді Құдайбергенов бас болып, 20 шақты комсомол ардагері бірвагонмен Алматыға аттанды. Біздің делегацияға бұрын Қызылордада жұмыс жасаған, қазір Алматыда тұратын әріптестеріміз қосылды. Олардың ішінде облыстық комсомол комитетінің бұрынғы бірінші хатшылары Нұрлан Ауғалипов, Болат Оразов, Гүлсара Алтынбекова, Марат Есенов болды. Осы сапарда Әбекен делегациялардың ішіндегі үлкені болып, көп құрмет көрді. Өте жақсы көңіл күйде болды, денсаулығы ешқандай сыр берген жоқ, делегация атынан сөз сөйледі. Екінші күні Қапшағай қаласына «Ақ

Жайық» базасына барғанда да жақсы демалды, қайықпен серуендеді. Қызылорда облысының делегациясы ерекше абыройлы болды, Қазақстан комсомолының 100 жылдығының туы біздің облысқа, оның ішінде Аманкелді Құдайбергеновке тапсырылды. Көпке дейін туды жібермей, желбіретіп ұстап жүрді. Бір вагонмен елге қайттық, жолсапарымыздың өзі мереке болды. Алматыда өткен барлық іс-шаралардан атқарып жүрген тәрбие жұмысымыздың дұрыс екеніне көзіміз жетті.

Келген соң Әбекен Қазақстан комсомолының 100 жылдығын күзде қазан айында атап өтеміз деген ұсынысыма: «Бұл іс-шараны кейінге қалдырмайық, бұдан 100 жыл бұрын 7-13 шілдеде Орынбор қаласында Қазақстан комсомолының I съезі өтіп, содан республика комсомолының тарихы басталған. Ол съезге Гани Мұратбаев қатысқан, сондықтан 7 шілдеде өткізейік» деді. Бұл пікірді бәріміз қолдап, дайындықты бастап кеттік. Өкінішке қарай ол бұл күнге жете алмады. Алматыдан келген соң бір аптадан кейін кенеттен дүниеден өтті. Күні кеше ғана жар-кылдап жүрген жанның көз жұмғаны біздің қатарымызды абыржытып тастады. Міне, содан бері жылға жуық уақыт өтті, бас қосқанда оны жиі еске алып отырамыз.

Аманкелді Сейдалыұлы бойындағы жақсы қасиеттерді жастарды тәрбиелеуге жұмсады, Сыр бойының өсіп-өркендеуіне үлес қосты, замандастарының, әулетінің ұйымтасы болды. Ал бірге қызмет атқарған біздің жаламызда Әбекен басшымыз, жанашырымыз, тілқисшіміз, қамқоршымыз болып сақталады.

Алмагүл БОЖАНОВА,
«Ұрпақтан ұрпаққа»
қоғамдық бірлестігінің
төрағасы,
Қызылорда облысының
Құрметті азаматы



«Тірінің қадірін біл, өлгеннің қабірін біл» дейтін еді, осы қағида қаперде қалқан қазықтай қалғаны жөн. Өйткені өткеннің өнегесін өшірмеу, жас ұрпаққа үлгісін жеткізу бүгінгінің басты борышы болса, әлгі пікір сол үшін керек.

АБЫРОЙ – АДАМНЫҢ АЙНАСЫ

Кейде барды бағалауға келгенде қолды кеш сермеп қалатынымыз бар. Салғырттық салдары өкініш болып өзекті өртеп жүреді. Сондықтан өмір екі адасуды қаламайды.

Рас, өмір бар жерде адамның орны бөлек. Және жақсы адам көп. Көбінесе болмыс-бітіміне біржақты қарап, байыбын немқұрайлы ниетпен тұмшалаймыз. Оның бекзат болмысты, кісілік пен кішілікті тең ұстаған тұлғасына теңеу таппағандай теңселе қалатынымыз шындық. Жасыратыны жоқ, бір өзі бір ауданның айыбын саналатын саңлақтар болады, аты аталса, елдің бағасы біліне бастайтын. Сондай ел абызы, Жаңақорған ауданының өсіп-өркендеуіне ерекше атсалысқан ақсақал Мұзарап Махмұтұлы мұқым жұртың марайма төбесі ретінде мадакталады. Оның парасатты паркы, алтын сандық ақылмандығы, көреген көзқарасы тағалымға толы.

Сексеннен асқан қариядан біреулер:

– Көп жасалдыңыз, дүниенің қызығы неде екен? – деп сұрайды. Сонда қарт:

– Е, сұрағандарың жөн, менде не қалды дейсің?!

Ет кетті, суық қалды, Тіс кетті, иек қалды. Алтыс көз жетпейді, Қаттыға тіс өтпейді. Көксауыр кебіс кидім, Төрге шыққаны жоқ. Сұлулық бетінен сүйдім, Ерніме жұққаны жоқ. Жақсы ат міндім,

Тақымға жұққаны жоқ, — деген екен. Сол айтпақшы, ер арыса аурақ қой, бүгінгі бейнесінен қарттықтың қалыбына қанықсақ та, өмір жолының өнегесі өшпестей таңбаланған. Сонысына салауатты түрде тоқталғанды жөн санадым.

Сәл шегініс, ол С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің түлегі, содан алған білімі мен «Экономист-қаржы жоспарлау» мамандығы еңбек етудің болашағын болжап берді. «Красная звезда», «Төменарық» шаруашылықтарында есепші, бас есепші, бас экономист лауазымын атқарса, 1980 жылы ауданда жаңадан құрылған «Алмалық» жеміс-жидек

совхозына директор болды. Ол басқарған он жыл ішінде облыста озық шаруашылықтың біріне айналды. Кімсің, Мұзарап болатын мәртебе осы кездің бағасы еді. Ол кеңселе кеңкіліп отырғаны үшін емес, көпнен бірге келелі істерді атқарғаны үшін берілген абырой болатын.

Әрине, айтарға жеңіл шығар, Мұзарап Махмұтұлының бір қасиеті – төрге таза еңбекпен жеткен тірі куә. Біреуден алақан жайып, қызмет сұрап алған дөненесі жоқ, қай шығын да қара бейнетіммен бағындырған. Айтар жерінде аузында бүгіп қалатын бұқпантай да емес, бетін бар, жүзің бар демей, ақиқатты ашып тастайтын адуындығы да өзіне жарасып тұрады.

Ол – мемлекеттің ісін ақсатып қойып, бей-жай жүре алмайтын кісі. Күн-түн демей дала қосында жүріп, тиісті міндет асыра орындалмай тыным таппаған, халықтың әлеуметтік әл-ауқаты жақсармай, күйбеңді бітпестің бірі болды. Өзі – жіптіктей, жүгірумен айналысатын жігіт секілді өте шапшаң, жедел қимылдың адамы. Анау-мынау жерге жау-жалпылап жүре беретіннің нақ өзі.

«Алмалықтың» берекесі аспандатып, жаңа технологияны іске қосып, дүрілдегенде көре алмай, аяқтан шалғысы келгендер де кездескен. Бірақ Мұзарап мылжия қалатын мүсәпірге жатпайды, менмін дегендер мысынан жасқанып, сырттап кететін. Сол мінезін сезгендер сексенге.

Былай қарасақ, кілең оты лаулаған мекемеге жұмсаған екен. «Алмалықтың» уығын өзі қадаса, «Топырақты құнарландыру» мекемесі де белі бекімеген баладай жаңа құрылым-тұғын. Оны да озық жайдайға жеткізді. Енді қай кезде қалды? Амасыздан Мұзарап Махмұтұлын аудан әкімінің орынбасарлығына тағайындады. Өйткені саланың жұмысы кері кетіп тұрды. Екі жыл өтті, оны енді «Жұлдыз», «Алмалық» шаруа қожалығына төраға етіп жіберді. Тағы екі жыл өтті, аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі басшысының орынбасары болды.

Еліміздің өтпелі кезеңі ке-

ліп, аумалы-төкпелі шағы туғанда жұрт үдеріп «Собездің» есігін қағатын. Күн сайын ұрыс-керісі көп мекеменің бағы ашылмай тұрғанда облыстағы басшы Майдан Мәселеева Мұзарапты таңдап, ақыл-парасатына, іскерлігіне сенген екен. Жауапкершілік жүктеген соң жұмыстан қашпайтын ол тынымсыз мекемені табадай етіп, ың-шыңсыз басқарды. Бағая баянсыз іс сабағына түскен сабаздай өз ырғағын тауып, ел де риза, еңбек етуші қызметкерлері де тынышды. Сөйтіп осы жерден еңбек зейнетіне шықты.

Уақытында ауылдық, аудандық кеңестің депутаты, социалистік жастың жемімпазы болған, бүгінгі егемен елдің бірнеше марапатының иесі, еңбек ардагері Мұзарап Махмұтұлының өмір жолын терең тарқатсақ, түрлі оқиға желісіне тарай береді. Біз қысқа қайырдық, нақтысын нобайладық. Қазір де тағынан түсіп қалған жоқ, Жаңақорған кенті ардагерлер кеңесінің төрағасы. Мұнымен қоса қоғамдық кеңесті де басқарды. Үлкендік белесіне сызат түсірмеген салиқалы ақсақал. Қырық жылдан аса уақыт мемлекет қызметінде жүріп, бірде-бір сөгіс алмаған адам қалай жаман болсын, ол биігімен әлі келеді. Елі құрметтеп, Жаңақорған ауданының құрметті азаматы етті, оны жас-кәрі түгел сыйлайды, қадір тұтады.

Алпыс жылдай отбасылық өмірде Бибісара апамен бақытты ғұмыр тізгінін ұстап келеді. Жұбайлық жұптың қазынасы балалары емес пе, сегіз ұл-қыз өсіріп, қазір бәрі үйлі-баранды. Олардан 14 немере, 6 шөбере сүйіп отыр.

Шынында, әрбір ауданның өз өнегесі бар. Сол өнегені өрбітетін қазыналы қарттар ғой, әдемі қартайған адам абыройынан сірә, айнымас. Мұзарап көкемнің өз өмірін сабақтаған «Жүректің көзі – өмірдің айнасы» кітабында ұрпаққа үлгі етер ұлағатты естелік бар. Соны оқыған кісі өмірге нұсқа өнеге алады. Жалпы, ол адамы бейненің аласармас тұлғасы екеніне дау жоқ.

Қаныбек ӘБДУОВ,
журналист

ҚҰБ Қызылорда филиалы Ұлттық Банкі мен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі арасында функцияларды бөлу туралы еске салады

Ұлттық Банк функцияларының елеулі бөлігі 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне (ҚНРДА) берілген болатын – сонда Агенттік дербес құрылымға бөлінген және қаржы нарығын бірден-бір реттеуші болды. Ұлттық Банк, өз кезегінде, өзінің негізгі мақсаты – баға тұрақтылығын қамтамасыз етуге назар аударды.

Қаржы реттеуші ретінде Агенттік функцияларының бірі – қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқығын қорғау. Сондықтан азаматтар екінші деңгейдегі банктердің, коллекторлық агенттіктердің, микроқаржы ұйымдарының және ломбарттардың іс-әрекетіне ҚНРДА-ға шағымдануға, кеңестер және кәсіби қолдау алуға құқылы. Қаржы нарығын реттеуші ретінде Агенттік заңсыз қызметті болдырмау үшін барлық шараларды қолдануға құқылы. Кредиттік ұйымдардан

басқа, Агенттік сақтандыру секторын, жинақтаушы зейнетақы жүйесін және бағалы қағаздар нарығында қызметін реттеуге жауап береді.

Қаржылық қызметтерді тұтынушылар өз құқықтары туралы кеңесті, өңірлік өкілдіктердегі қаржы нарығындағы қолданыстағы заңнама нормаларының кәсіби түсіндірмелерін алуына болады – олардың байланыс деректері <https://www.gov.kz/memleket/entities/ardfm/contacts?lang=ru>

Қаржы реттеушісі болып табылмайтындықтан Ұлттық Банкке жіберілген қаржы ұйымдарының қызметіне байланысты өтініштер толық көлемде қаралуы және олар бойынша жұмыс жасалуы мүмкін емес. Жалғыз ерекшелік – айырбастау пункттерінің қызметі.

ҚР Ұлттық Банкінің
Қызылорда филиалы

Топтық ойындарда сайысқа түсті

Журналистердің кәсіби мерекесі қарсаңында Назарбаев Зияткерлік мектептерінде медиамарафон өтті. БАҚ өкілдері «Туған елге тағзым» өлке-тану-зерттеу экспедициясының оқушыларымен бірге топтық ойындарда сайысқа түсті. Командалық тапсырмаларды орындау кезінде достық, ауызбіршілік көтеріңкі көңіл-күлде уақытты тиімді өткізді.

Белсенді ойындар әрі қарай салтанатты шарамен жалғасты. Мектеп директоры Бахыт Жұматай бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдағы рөлін атап өтіп, кәсіби мерекелер құттықтады. Әрқашан қоғамдық ахуалдың шебінде жүріп, халықты маңызды ақпаратпен қамтамасыз етіп, NIS жетістігі мен оқушылардың табысты өнектерін жан-жақты насихаттауға қосқан ерекше үлесі үшін аймақтағы 18 БАҚ өкілі мектеп директорының Алғас хатымен мара-

патталды. Сонымен қатар жыл ішінде 20-ға жуық зияткер шөкірттермен сұхбат жүргізіп, кең көлемді материал дайындаған «Ақмешіт жастары» газетінің тілшісі Гүлдана Жұмадиноваға «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ басқарма төрағасының атынан алғыс жарияланды.

Мектеппен үнемі байланыста болып, ақпарат айданында ынтымақтастық құрған өңірлік коммуникациялар қызметінің бөлім басшысы Гүлнұр Бүркітбаева, облыстық қоғамдық даму басқармасының бас маманы Салтанат Шаханова және «Қоғамдық келісім» мекемесінің баспасөз хатшысы Әсел Абзалға да құрмет көрсетіліп, мектеп оқушыларының қолынан шыққан арнайы сыйлықтар табысталды.

«СБ» ақпарат

Жарамсыз деп есептелсін

«БАҚ» шаруа қожалығының (№0000637 Сериясы 3305, жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі 2003 жылдың 7 сәуірінде берілген) мөрі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: **70-00-52** телефоны арқылы байланысуға болады. **E-mail: smjarnama@mail.ru**

Көпбейінді облыстық ауруханасының ұжымы аурухананың нейронинсулт бөлімінің мейірағасы **Жұмағалиев Қаржаубай Көшербайұлының** қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

«Туған жердің тылсым сырын ұғып көр»

«Қазақтың Қадыры» деген құрметті атқа ие болған Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Қазақстанның Халық жазушысы Қадыр Мырза Әлі атындағы мәдениет және өнер орталығының «Дала дидары» атты әдеби-сазды көшпелі өнер ұжымы Сыр еліне келді. Шығармашылық ұжым Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрында «Қадыр жолымен...» жобасы аясында концерт ұйымдастырды.



Мерекелік кештің мақсаты – шалғай жатқан аудан, ауыл тұрғындарына, сондай-ақ өзге өңірлерге Қадыр Мырза Әлінің шығармашылығын кеңінен насихаттау және рухани байланыс орнату.

Әр дәуір өз ақынын тудырады десек, Қадыр Мырза Әлі шығармашылығы – көркем тілмен жазылған шежіре. Ақынның поэзиясы сан қырлы. Ол Отан, дәуір, халық, елге, жерге сүйіспеншіліктен бастап, барлық жақсылық атаулыға сүйсініп, адал еңбек, пәк махаббат, биік адамгершілік, туған табиғатқа деген немқұрайлылыққа дейінгі барлық әлеуметтік саланы қамтиды.

Концерт барысында қарымды қаламгердің қанатты сөздері, қағытпа қалжыңдары айтылып, ақынның сөзіне жазылған әндер шырқалды.

– Ой орманынан бастау алып, абыз ақыннан аңыз ақынға айналған тума талант жырының жанашырлары көп. Оған кешке жиналған көрермен қауым дәлел. Бүгінгі іс-шараны ұйымдастырған шығармашылық топқа алғыс білдіремін.

Барлықтарыңызға сәттілік тілеймін. Өнерлеріңіз өрге жүзсін, – деді облыстық мәдениет және спорт басқармасының басшысы Руслан Рүстемов.

Кеш барысында Қайрат Кәкімов «Қазақтарды шетелдік қонақтарға таныстыру» әнін орындады. Жаңылсын Хасанова ерекше сазды дауысымен «Өмірің өз қолыңда», «Тамды аруы» әндерін орындаса, Дастан Есентеміров пен Ернар Өмірәлі «Тамаша», «Жар» әндерін бірге шырқалды. Халықты ерекше тебіrentетін Шәмшінің әуеніне жазылған «Сыған серенадасын» Мәди Сабыров, Асылбек Ислямов айтты. «Жауынгер мекен – Жымпиты» әнін Мейірхан Аюпов орындап, концерт соңында рухты көтеретін «Атамекен», «Өз елім» әндері шырқалды.

Айта кетейік, ақынның 80 жылдық мерейтойына орай ашылған мәдениет және өнер орталығы бірнеше жылдан бері жүйелі жұмыс істеп келеді. Бауыржан Халиолла басқаратын орталықта мерекелік концерттер, әлебиет пен өнер өкілдерінің шығармашылық кештері, ғылыми конференциялар өтеді. Батыс өңірінің қылқалам шеберлерінің туындылары қойылған галерея жұмыс істейді. Арнайы музейде ақын өмірі мен шығармашылығынан толық мағлұмат бар.

«СБ» ақпарат

● БІР СУРЕТТІҢ СЫРЫ

Бауке, Бауыржан Омарұлы ағамыздың facebook желісіндегі әңгімелерін тамсанбай оқымайтын жаң жоқ шығар?! Соңғы кезде «Сыр бойы» газетінің ардагері Болат Омарәлиевтің суреттерін талдап, эссе-суреттеме сериясын ұсынып жүр.

Дәуіржан Е.ЛУБАЕВ,
«Сыр бойы»

ҮРЛӘЙ АПАНЫҢ ӘНГІМЕСІ



Қызық, талай-талай іссапарға бірге шыққан фототілші Болат Омарәлиев ағамның кейіпкерімен тілдесемін деп ойламаппын. Басынан бастайын, осыдан үш-төрт күн бұрын Бауке ағамның жеке паракшасында «Жалғыз тал жауқазын» атты әңгімесі жарқ ете қалсын. Самсаған қалың оқырманның бірі ретінде «Қырық жыл бұрын түсірілген сурет кейіпкері бар ма екен, бар болса қайда жүр екен?» деген сауалдың жетегіне шырмалдық та қалдық. Кейіпкерді іздеуге қалың оқырман білек сыбана кірісіп, алдымен оны Нартай Тұрсанов ағамыз тауыпты. Сонан түн жарымында Баукенің өзі телефон шалды: – Ел жабыла іздеп жатқан сурет кейіпкері Қызылорда қаласының іргесіндегі ауылда тұратын болып шықты. Барып, тілдесуге бір тілші жіберсең қайтпеді?

«Өрбір адамның өмірі – бір тарих» деген сөз бар қалт айтпайтын халықта. Туындының кейіпкерімен өзін жүз-дескім келгені. Бөкенің бүгінгі ізбасары Нұрболатты ертіп алып, дереу Ж.Маханбетов ауылына тарттық. Қақпа алдынан қарсы алған Үрләй апамның қатты толқығаны жүзінен де, даусынан да анық байқалды. «Кешелі бері көкте ұшып жүрген сияқтымын. Жырма жасыма қайта оралғандаймын» деді қайта-қайта.

– Айналайын інім, кеше whatsapp арқылы мақаланы жібергенде қатты толқыдым. Жас күндер еске түсіп, сағыныш оянды ма, суретті көргенде жылап жібердім. Қуаныштың көз жасы ғой. Іздеу салған Бауыржан Омаровқа алғысымды тілмен жеткізе алмаспын. Қазақта «Берген асың түске жетпес, ықыласың естен кетпес» деген сөз бар. Мені танымаса да, өз бауырын іздегендей жанын салыпты: «Қайласың, сәйгүлік мінген сұлу? Барсың ба?» депті. «Ал, кеттік... Іздеу салайық» деп аяқтапты. Мен әлеуметтік желінің не екенін онша түсіне бермеймін. «Қалың оқырман суреттегі бейнені іздеп жатыр» деп хабарласқанында: «Мені іздейтін адам бар екен ғой, Аллаға сансыз шүкір!» дедім іштей. Іздеушің бар ма деген осы шығар...

Суретте әкеміңіз көзі болған қараша үй тұр. Балалық, жастық шағымыз өткен құтты ұя. Жанындағы төбесі ашық қамыс қора, бастырма да көзіме ыстық көрінді. Тіпті жиылы тұрған отын да кадрға ілініпті, – деп әңгімесін бастаған Үрләй Жұмекова суретке түскен уақытты нақты есіне түсіре алмады.

– Бұл сурет жайлауда түсірілді. Сырдария ауданына қарасты бірнеше совхоздың малшылары көктемде Сарысуға көшеді. Көктем, танертенгі мезгіл. Жұқалтаң келген жігіт түсірді. Оның Болат Омарәлиев ағамыз екенін әріне, білгенім жоқ. Бұл шамамен 1978-1979 жылдардың бірі. Жырымаға әлі толмаған кезім. Фототілші: «Бұлай түс, бұлай қара!» деп нұсқау айтқан жоқ. Оған менің уақытым да жоқ еді. Шолақ күрең атап кеткен атқа отырып, қой жаюға кетіп бара жатқанмын. Тосыннан шыға келді де шырт еткізіп түсіріп алды. Тілдесіп жарытпадық. Тіпті кім екенін, не үшін түсіргенін де сұрамастан малды өріске айдап кете беріппін. Өйткені, қой жатып қалса, оларды қайта тұрғызу оңай емес.

Сол кездегі Сырдария ауданы, «І Май» ауылында «Жұлдыз» аталатын бригада болды. Ұмытпасам, бригада ауылдағы Найманбай деген кісінің Жұлдыз атты қызының атымен аталды. «Жұлдызды» бізден бірнеше жас үлкендер, 1957 жылы туған мектеп

бітіруші өрімдей жастар құрған еді. Құрылған жылы – 1974 жыл. Дүрілдеп аты шықты да, бір жылдан соң тарап кетті. Кеңестік дәуірде мектеп, совхоз директорлары «Екі жыл еңбек етсеңдер, оқуға жолдама беріледі» деп бітірушілердің талабын тұсаулайтын. Көңбесең, аттестатты қолға бермейді. Мен 1977 жылы бітірген кезде де мектеп басшысы «Ауылдан кетпе, адам күші жоқ, әкене қолғабыс бол, көмектес» деп ұсыныс айтты. Шопанға көмекші береді, олар бейнетке шыдамай кетіп қалады. Шопан таяғын ұстайтындар сол малшының балалары ғана. Айтпақшы, менің суретім сол кездегі аудандық газетке басылды. Кейін оны ұмытып та кетіппін.

Мен 1960 жылы дүниеге келгенмін. Үрләй деген есімді әжем қойыпты. Әкем шопан болғасын көзімді ашып, ес білгеннен көргенім малшының өмірі. Бала кезден барлық қол жұмысты істедік. Ерте тұрып, кеш жатуға



дағдыландық. Ер бала сияқты қара жұмыс істедім. Тіпті күрең қасқанмен көкпар тартқан күндер де өтті. Бір жылы қыста жұрт «Нұртай көлі» атап кеткен кезде ойық ойып жатып суға түсіп кеттім. Өлетін шығармын деп ойладым. Көрірім бар екен, аман шықтым. Ал жаз жайлауда екі рет қасқырмен бетпе-бет келдім. Ол кездің қасқыры тоқ па, әйтеуір тіке шаппады. Қойдың құйрығын тістеп, жұлып кетті. Біреуі шұжып маған қарап отырды да жөніне кетті. «Біткен жерім осы шығар» деп ойлағанмын. Сол жылдары «Пәлен деген қойшының баласын қасқыр жеп кетіпті. Тек табаны ғана қалыпты» деген әңгімелер шыққан. Сол есіме түсіп, қатты қорықтым.

Осылайша, әкеме қолғабыс жасап жүріп мектепті де бітірдік. «І Май» ауылы, Орджоникидзе атындағы (қазір А.Қыраубаева) мектепте білім алдық. Жанындағы интернатта 10 жыл жатып оқып, 30-дай бала бітіріп шықтық. Олардың көбі малшының балалары. Соның басым бөлігі өздерінің малшы әке-шешелеріне көмектесу үшін ауылдан ұзамады.

Мен мұғалім болсам дейтінмін. Алайда оқуға бармадым. Бауырларым жас, егер мен 4-5 жыл оқу оқысам, әкемің күні не болады? Осылайша, қалауымнан бас тарттым. Сол жылы Тасбөгет кентіндегі ПМК-да сылақшы болып жұмысқа тұрдым. Сенбі-жексенбі, мереке демалысын пайдаланып, әкеме көмекке барамын. Суретке түскенде мен жұмыстан сұранып, жайлауға көшетін қарбалас сәтте келгенмін.

Төрт жыл оқып, жоғары білім алудың орнына Тасбөгеттегі ПМК-да сонша жыл еңбек еттім. Әкем қиындық

көрмесін деген оймен жұмысшы мамандығын таңдағанымды айттым. Жасымнан қара жұмысқа жегіліп, шираған жаңға сылақшы болу қиынға түспеді. Құрылыста да адал еңбек етіп, қатарымның алды болуға ұмтылдым. Арқасүйер ешкімім болмаса да, 1981 жылы коммунистік партия қатарына



қабылдандым. «Неге кеше ғана келген жап-жас қызды партияға қабылдайды, бізді неге өткізбейді?» деген сынайдағы әңгіме айтылып жатты. Партия қатарына қабылдау жауапкершілікті арттырды, еңбекте тек алда болу керек деген құлшыныс туды. Еленіп орден тақпасам да, жастар ұйымының жиындарына шақырылдым. Егер сол кезде «Канал қаз» десе канал қазар едім. Өйткені, ешқашан қара жұмыстан қашқан емеспін.

Нұрлан Ермеков атты бірсөзді азаматпен сөз байласып, шаңырақ көтердік. Бұл – 1981 жылдың қараша айы. Сөйтіп, Киров ауылында тұратын Ташкенбай деген құрметті қарттың шаңырағына келін болып түстім. Келіннің міндетін білесің, сылақшылық жайына қалып, сауыншы болдым. Ауылдан бірнеше шақырым жердегі «Бесарық» учаскесіне катынап, жұмыс істедім.

бұрын 82 жасқа қараған шағында дүние салды.

Әкем Нұртай Жұмеков өмір бойы малшы болған адам. 1935 жылы туған. Атам 1941 жылы соғысқа алынып, сонан оралмапты. Тұқымнан жалғыз. «Бес жасар кезімде далада балдармен ойнап отырғанымда екі кісі келіп, әкемді әскерге алып кетті. Ойнап отырып көз қияғымен қаралым. Әкемді көрмейтінімді білгенімде ізінен қалмай жүгіретін едім» деп айтып отыратын. Әкем жасынан жетімдік көріп, еңбекпен есейген адам. Бізге: «Ешкімнің ала жібін аттамаңдар. Біреуді алдап, кісіге қиянат жасамаңдар. Тек адал еңбекпен ғана күнелтіңдер» деп отыратын. Біз де (5 қыз бен 3 ұл) жа-

сымыздан шаруашылыққа көмектесіп, еңбекпен есейдік. Жалпы, 70-80-ші жылдары елде шопандардың тұрмысы жақсы болатын. Ол кездің шопандары кеңпейілді еді. Мысалы, бірінің малы өліп, қой басы азайып қалса, жабылып көмектесетін. Ауызбірліктің мықтылығы ғой, ағайынның түрмеге жібермей, шығынды жабуға көмектесетін.

Қыстауымыз Сырдың бойында. Ал жайлауға Сарысуға шығамыз. Көктемде, мамыр айында Сарысу арнасынан тасып, екі жағы көкөрай шалғынға бөленеді. Мұнан бөлек, қазылған құдық, скважиналар бар. Біздің аудан совхоздарының малы Алтықұдықтан бастап Қоңыртобе, Белең, Алатаға, Көкәлажарға дейін жайлайды. Көкәлажар – бұрынғы Жезқазған облысымен шекарадағы жер атауы. Осы екі аралықтағы құмды төбені біз шоқат дейміз. Ол кезде малдың көптігі сонша, жайлауға сыймай кететін. Кейде қосылып кетіп, айыра алмай жатады. Жайлауда біз таңғы 5-те тұрып, қойды өргізіп кетеміз.

Қыстан қысылып шыққан шопандар үшін жайлауға шығу – үлкен той. Ал малшылар тойы деген өзіндік сән-салтанатымен өтетін. Біздің әкелеріміз үлкен ақсақалымыз Тұрсан әкемізге сәлем беріп барып, мал сойылып, жай күннің өзі той-думан болып жататын.

Анам 1940 жылы туған. Ашаршылық кезінде ауа көшкен ауылдастарымен бірге Ташкен жағына кетіпті. Заман түзелгенде қайтып келген. Әкем екеуі танысып, 1957-1958 жылдары отау құрған. Қазір анам 82 жаста. Шиелінің «І Май» ауылындағы қарашанарықта, Бауыржан атты ортаншы інімнің қолында тұрады. Шешем 16 күрсақ көтеріпті. Оның 8-і жасында шетінеп кеткен. Қалғаны қазір облыс аумағында тұрып жатыр. Барлық бауырларым отбасылы. Мен – сол сегіз баланың үлкенімін. Қазір 62-демін. Жапырағын жүйелі, көктеп-көгеріп отырған ананың бірімін. Бес күрсақ көтердім. Біреуі жол апатынан 10 жыл бұрын қайтыс болды. Қазір 4 баладан өрген 13 немере бар. Отағасы Нұрлан екеуіміз шөбере күтіп отырмыз. Осы күні қолымдағы келімім босанып жатыр.

Қуаныштың үстіне келіп отырсыңдар. Фотодан өзімді көріп, жас күнімді еске алып, ширап қалғандай болдым. Тіпті бақытты күйі кешіп отырмын. Уақыт кеткен жүйрік?! Онан бері де 44 жыл өтіпті. Сонау алыста қалған қамсыз күндерді ойлағанда: «Қайран, жастық шақ» дейсін...

Бейсенбі күні ағамның паракшасында «Жайлауда жайқалған жауқазын» атты екінші әңгімесі фототілшіміз Н.Нұржаубайдың суреттерімен жарияланғанда желідегі ағайынның қуанғанын көрсенді. Ал кеше Бауке ағамыз бізді ертіп кейіпкердің үйіне барды. Ағайын-туысы жиналған басқосула Үрләй апамыз бауыры табылғандай қуанды. Бұл енді желіде жарияланған «Жауқазымын жүздесу» атты түйінді мақалада жазылды.

Кешегісімен жүздескен кейіпкеріміздің үйінен шыққанда менің көз алдыма күнгейге бет алған керуен елестеді. Адамға адам жылы сөзін қимайтын мына кезеңде қырық төрт жыл бұрын түсірілген суреттегі бейнені іздеу, ол табылған соң арнайылап сәлем беріп келу – үлкен жүректің ықыласы! Міне, мейірім деген – осы!

Суреттерді түсірген
Болат ОМАРӘЛИЕВ,
Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫРМЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

https://twitter.com/syrboyi

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсыр-сы бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Кезекші редактор **Ержан ҚОЖАСОВ**